

ЭКОНОМИКА ЕСЕП-ҚИСАПСЫЗ БОЛМАЙДЫ

2-бет



ҚОШ, ҚАЗАҚ КИНОСЫНЫҢ КОРИФЕЙІ!

13-бет



АТАҚТЫ АЙТЫСКЕР АҚЫНМЕН ҚОШТАСТЫҚ

13-бет

ҚАЗАҚ ҮНІ
QAZAQ ÚNI
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ АПТАЛЫҚ
www. qazaquni. kz || qazaquni2000@gmail. com || 2000 jylǵy 11 tamyzdan shyǵa bastady || №27 (949) 12.07.2021 jyl



## БАСЫНАН ҮШҚАРАНЫҢ ЕСКЕН САМАЛ...

С.Мұратбековтің қазақ повесінің үздік үлгілерінің біріне айналған. «Басында Үшқараның» повесінде кісіні таңдандыратындай, таңдану былай тұрсын, жай ғана селт еткізердей қызғылықты оқиға жоқ. Ғылым кандидаты Әсет араға біраз жылдар салып бір кездегі өзінің туған ауылына оралады.

8-9 бет

# ҚАЗЫ-ҚАРТАНЫҢ ОРНЫНА КАРТОН ЖЕЙМІЗ



3 бет

Қазір ұмытыла бастағанмен, бұрынғы ата-әжелеріміз «Мал-жан аман ба?» деп амандасатынын талай рет естіп, көргенбіз. Бала кезде мән бермегенмен, оның да маңызы зор екен. Мал мен жан бір-бірімен тығыз байланыста екенін ата-бабаларымыз бағзы заманнан жақсы білген. Бүгінгі өзіміз кеудемізді қағып, мақтана айтатын дамыған, өркени өмірімізде тым болмаса сол қарапайым қағиданы жете түсіне алмаған біздер жетесіз екенімізді ашық мойындауымыз қажет. Биылғы басталған қуаңшылық соны анық көрсетіп, еске салып берді...



# ІНДЕТПЕН КҮРЕСУ – ОРТАҚ ІС

Пандемияның кеселінен толық арыла алмай, қиындық атаулы аяғымызды орап тұрғны белгілі. Өңірлер қауіпті «қызыл жолаққа» қайта-қайта еніп, асқынған індеттен біржола арыла алмай отыр. Жан сақтаудың бір жолы – тұрғындарды вакциналау екенін дәрігерлер де айтып жатыр. Қазір вакцина екпесінің қоры көбейген кезде оны сақтаудың өзі оңайға соқпасы анық.

4 бет



## ТАБИҒАТТЫҢ ТЫЛСЫМЫ

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында: «Халқымыз ғасырлар бойы туған жердің табиғатын көздің қарашығындай сақтап, оның байлығын үнемді, әрі орынды жұмсайтын теңдесі жоқ экологиялық өмір салтын ұстанып келді.

7 бет

# РК: МОГУТ ЛИ БАНКИ ВЫВЕСТИ ИЗ КРИЗИСА COVID-19?

Банковская система и реальный сектор экономики, как сообщающиеся сосуды, тесно связаны и зависят друг от друга. От степени их взаимовыгодного сотрудничества напрямую зависит развитие страны. Надо иметь в виду, что кризис в отраслях экономики может обострить проблемы у заемщиков, что в свою очередь может вызвать и кризис в банковском секторе.

12 бет




050006, Алматы қаласы, Қалқаман-3 ықшамауданы, К. Сейітов көшесі, 11 үй. Байланыс телефоны: 8(727)398-57-31 Жазылу индексі – 65380

# ЭКОНОМИКА ЕСЕП-ҚИСАПСЫЗ БОЛМАЙДЫ

**Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жақында Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің төрайымы Наталья Годунованы қабылдап, алда атқарылуға тиісті бірқатар тапсырмалар берді.**



Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін бірден-бір орган. Бюджет қаржысының мақсатты жұмсалуын қадағалап, орын алған кемшіліктерді анықтап түзетуде үлкен рөл атқарады.

Есеп комитетінің төрайымы Наталья Годунова Президент Қасым-Жомарт Тоқаевқа 2020 жылғы республикалық бюджеттің жұмсалуына қатысты Үкіметтің есебі бойынша шығарылған негізгі қорытындылар жөнінде есеп берді. Құжат Парламенттің бірлескен отырысында қабылданған болатын.

Сонымен қатар Наталья Годунова жер ресурстарын басқаруға, арнаулы экономикалық аймақтарға және «Тау-кен Самұрық» ұлттық тау-кен компаниясы» акционерлік қоғамына жүргізілген тексерістердің негізгі қорытындылары туралы баяндады.

# ПАРЛАМЕНТАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР ҚАРАЛДЫ

**Мәулен Әшімбаев Сауд Арабиясының Қазақстандағы Төтенше және Өкілетті Елшісі Абдулазиз бен Абдулла әл-Даудты қабылдады. Тараптар кездесу барысында екі елдің ынтымақтастығы мен парламентаралық байланыстар бойынша өзара іс-қимылы мәселелерін талқылады.**

Сенат спикері Сауд Арабиясы Қазақстанның Таяу Шығыстағы маңызды серіктестерінің бірі екенін айтты. Палата төрағасы өзара парламентаралық диалогты одан әрі дамытуға да барлық мүмкіндіктер бар екеніне назар аударды. Ол сондай-ақ Қазақстанда өткізіліп келе жатқан Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің съезіне Сауд Арабиясының өкілдері белсенді қатысқаны үшін алғыс айтып, пандемиядан кейінгі кезеңде мемлекетаралық ынтымақтастыққа қарқын беру қажеттігін атап өтті.«Біздің елдерімізді тарихи, рухани және мәдени тығыз байланыстар жақындастырады. Сауд Арабиясының экономикалық дамуы біздің көз алдымызда. Экономиканы әртараптандыруға, денсаулық сақтауды, білім беруді, инфрақұрылымды және туризмді дамытуға бағытталған «Saudi vision 2030» бағдарламасын жеке атап өткім келеді. Біз ұқсас мәселелерді шешіп келеміз. Біздің елдеріміздегі экономикалық реформалардың көптеген аспектілері мен бағыттары да ұқсайды, өйткені оның басты мақсаты – біздің мемлекетіміздегі халқымыздың әл-ауқатын арттыру болып табылады», – деді Мәулен Әшімбаев.

# ЕЛ БОЛАШАҒЫ ЖАСТАРДЫҢ ЕНШІСІНДЕ

**Қазақстан Республикасы Президентінің көмекшісі Ерлан Қарин жұмыс сапарымен Маңғыстау облысында болды. Сапар барысында Е.Қарин Мемлекет басшысының тапсырмаларын орындау бойынша жергілікті атқарушы органдармен бірқатар кездесулер өткізді.**



Аймақта вакцинацияны, ұлттық халық санағын ұйымдастыру, әлеуметтік маңызы өңірдегі бағаны тұрақтандыру және өзге де өзекті мәселелер қарастырылды. Сонымен қатар, Президент көмекшісі қоғам белсенділерімен, шығармашылық зиялы қауыммен кездесулер өткізіп, Маңғыстау өңірін дамытудың негізгі тетіктерін пысықтады. Сол сияқты Президенттің жастар кадрлық резервінің өкілдерімен жүздесіп, ел болашағы жастардың еншісінде екені жайында кеңінен әңгіме болды.Жұмыс сапары аясында Е.Қарин Жаңаөзен қаласына, Мұнайлы ауданына, Батыр және Қызылтөбе ауылдарына барып, елді мекендердің әлеуметтік-экономикалық дамуы бойынша бірқатар жиындар өткізді.

# ШЕТЕЛГЕ АҚША ЖАСЫРУДЫҢ ЖОЛЫ КЕСІЛЕДІ

**Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл агенттігінің төрағасы Марат Ахметжанов шетелге ақша жылыстатудың жолын кесетін тәсіл қолға алынғанын айтып берді.**



«Қазақстан Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының салық ақпаратын автоматты түрде алуға болатын дүниежүзілік жүйеге қосылып жатыр. Оның көмегімен біз шетелдік шоттар мен активтер туралы мәліметтер алу мүмкіндігіне ие боламыз. Енді жемқорлар ақшаны шетелде жасыра алмайды», – деді Марат Ахметжанов агенттіктің алқа мәжілісінде. Оның айтуынша, агенттік Мәжіліске негізсіз баю үшін жауапкершілік енгізуді көздейтін заңнамалық түзетулер енгізген. «Түзетулердің негізгі новеллаларының бірі негізсіз баю үшін жауапкершілікті енгізу болады. Бұл биылдан бастап іске қосылған жалпыға бірдей декларациялау тетігінің логикалық жалғасы болып табылады», – деді ол.

Әрине бұл ондаған жылдар бойы айтылып, шешімін таппай келе жатқан күрделі мәселе. Миллиардтаған қомақты қаржы жыл сайын заңсыз шетелге асып жатады. Осы күнге дейін оны тоқтату мүмкін болмай отыр. Бұл айтылған шаралардың нақты нәтиже бере қояры да белгісіз.



# ӨҢІРЛЕРДЕ ӨРТ ӨРШІП БАРАДЫ

**Ақмола облысында орманды алқаптар өртеніп жатыр. Екі күннің өзінде 8 орман өрті мен 4 дала өрті тіркелген. Қызыл жалынның ортасында қалып қойған бір адам қаза болды.**

Ақмола облысында демалыс және мереке күндері оттың 12 ошағы анықталған. Әсіресе Зеренді, Біржан сал, Ерейментау, Аққөл аудандары мен Степногор қаласы қатты зардап шекті. Алты мың гектар аумақты шарпыған өртті төтенше жағдай қызметкерлері екі тәулікте әзер өшірген. Енді Көкшетау іргесіндегі 20 гектар аумақта құрғақ шөп өртеніп, онда 15 техника 100-ден астам өрт сөндірушілер тілсіз жаумен арпалысты. Қуаңшылықпен қоса, өртке адами фактор да себеп болып отыр. Өрт қауіпсіздігін сақтамаған 10 адам ескерту алып, 15 мың теңге көлемінде айыппұл арқалады. Мұндай оқиғалар Қарағанды облысында және өзге де өлкелерде орын алуда.

# АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ САЛАСЫНЫҢ КЕМШІЛІКТЕРІ АТАЛДЫ

**Ауыл шаруашылығы бойынша орталықта қабылданатын шешімдер халықтың қажеттілігіне емес, жұмыс көрсеткішіне бағытталған. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің төрағасы Марат Ахметжанов ведомствоның алқа мәжілісінде өткір пікір білдірді.**



Өз баяндамасында Марат Ахметжанов агенттік сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне талдау жүргізу форматын өзгертетінін атады. «Біз кешенді мониторингке көшеміз. Яғни, біз жеке органды емес, тұтас стратегиялық саланы таңдап, егжей–тегжейлі, терең талдау жүргіземіз», – деді ол. Айтуынша, Мемлекет басшысының тапсырмасымен пилоттық жоба ретінде агроөнеркәсіптік кешендегі субсидиялау саласына егжей-тегжейлі тексеру басталып кеткен көрінеді. Ауыл шаруашылығын қолдауға соңғы 5 жылда 1 трлн теңге бөлінген. «Жыл сайын мемлекет ауыл шаруашылығын дамытуға, жаңа жұмыс орындарын құруға және ауыл халқының әл-ауқатын жақсартуға айтарлықтай қаражат бөледі. Дегенмен, жазда көкөніс бағасының өсуі халықтың наразылығын тудырды. Орталықта қабылданатын шешімдер халықтың қажеттілігіне емес, жұмыс көрсеткішіне бағытталған», – деді агенттік төрағасы. Марат Ахметжанов субсидия саласында халықты толғандыратын мәселе көп екенін айтты. «Бұл кешенді талдаудың басты мақсаты – субсидиялар саласындағы проблемаларды анықтау. Дотациялар халыққа қаншалықты жетіп жатыр? Оларды алу ашық па? Ашық болмаса, оған не кедергі? Қандай сыбайлас жемқорлық тәуекелдері бар? Кемшіліктер анықталғаннан кейін сарапшылар мен тиісті министрліктерді тарта отырып, оларды шешу жолдары әзірленеді», – деді Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің басшысы. Марат Ахметжанов агроөнеркәсіп кешенінен кейін кезек автожол және көліктік бақылау саласына тиетінін ескертті.

# ВАКЦИНАНЫ МІНДЕТТЕУ ЗАҢҒА ҚАЙШЫ ЕМЕС ПЕ?

**Міндетті вакцинация Конституцияға қайшы емес. ҚР Әділет министрлігінің ресми сайтында жарияланған мәліметтерге қарағанда, инфекциялық және паразиттік аурулардың пайда болуы мен таралуының алдын алу мақсатында денсаулық туралы Кодексте көзделген санитариялық-эпидемияға қарсы іс-шаралардың бірі – профилактикалық екпелер.**



Медициналық қарсы көрсетілімдері жоқ, ҚР аумағында тұрақты тұратын жеке тұлғалар инфекциялық және паразиттік ауруларға қарсы екпелерді алуға міндетті (Кодекстің 85-бабының 4 және 8-тармақтары), олардың қатарына КВИ-ға қарсы профилактикалық екпе де жатады (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 24 қыркүйектегі № 612 қаулысына сәйкес). Осылайша, медициналық қарсы көрсетілімдері жоқ адамдар үшін КВИ-ға қарсы міндетті вакцинациялаудың құқықтық негіздері бар және бұл «Мемлекет адамның өмір сүруі мен денсаулығына қолайлы айналадағы ортаны қорғауды мақсат етіп қояды» деген конституциялық нормаға сәйкес келеді (Конституцияның 31-бабы). «Адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарына кепілдік бере отырып, ҚР Конституциясы мұндай шектеу мүмкіндігін жоққа шығармайды. Адамның құқықтары мен бостандықтарын және халықтың денсаулығын қорғау мақсатында ғана құқықтар мен бостандықтар шектелуі мүмкін (Конституцияның 39-бабының 1-тармағы)»,-делінген министрлік хабарламасында. Министрліктің мына мәлімдемесін оқыған адам бірден түсінбейтіні анық. Біздегі заңдарда нақтылық жоқ, бір-біріне қайшы келіп жататынын осыдан-ақ көруге болады.

**Қазір ұмытыла бастағанмен, бұрынғы ата-әжелеріміз «Мал-жан аман ба?» деп амандасатынын талай рет естіп, көргенбіз. Бала кезде мән бермегенмен, оның да маңызы зор екен. Мал мен жан бір-бірімен тығыз байланыста екенін ата-бабаларымыз бағзы заманнан жақсы білген. Бүгінгі өзіміз кеудемізді қағып, мақтана айтатын дамыған, өркени өмірімізде тым болмаса сол қарапайым қағиданы жете түсіне алмаған біздер жетесіз екенімізді ашық мойындауымыз қажет. Биылғы басталған қуаңшылық соны анық көрсетіп, еске салып берді...**

# ҚАЗЫ-ҚАРТАНЫҢ ОРНЫНА КАРТОН ЖЕЙМІЗ



Екі жыл бойы есеңгіретіп тастаған коронавирус індеті аздай енді міне еліміз бойынша қуаңшылық орын ала бастады. Қыста қардың жылдағыға қарағанда тым аз жауғаны белгілі. Оған қоса көктем мен жаз бойынша жаңбыр өте сирек болды. Осыған байланысты астықты аймақтарымыз биыл егіннен мол өнім алудан күдер үзген сыңайлары бар. Қуаңшылық егістікке ғана кесірін тигізген жоқ, бірқатар аймақтарда жазғы жайылымдарды да күйдіріп, төрт түлік малды азықсыз қалдырды. Ресми мәліметтерге қарағанда тек қана Қызылорда мен Маңғыстау облыстарында екі мыңға жуық бас ірі-қара мал аштықтан өлген екен. Бұл ресми мәлімет, ал шын мәнінде оның саны әлдеқайда көп болуы мүмкін.

Қол қуысырып отырған фермерлер жоқ, олар да күн көріп отырған қолындағы малдан айырылып қалғысы келмейтіні белгілі. Алайда арадағы делдалдардың әдеттегідей «қызметіне» байланысты басқа өңірден жеткізілетін мал азығының шарықтап кетуінен жем-шөпке қол жеткізе алмай қор болуда. Мәселен, бір бума шөптің бағасы Маңғыстау өңірінде 17 мың теңгеден асып кеткен. Бұл орташа есеппен алғанда еліміздегі бағадан төрт есе қымбат деген сөз.

Қызылорда облысының Арал ауданында да қуаңшылықтан төрт түлік мал қырылып жатқаны жайлы жағымсыз хабар әлеуметтік желіде тарап кетті. Қабырғасы қаусаған малға қарауға дәтің шыдамайды. Бұл жерде де сол су тапшылығы себеп болып отыр. Шөпті көрші Қазалы ауданынан шамалы уақыт жеткізгенмен оның бағасы екі есе өсіп кеткен. Малдан түгелдей айырылып қалмас үшін кейбіреулер оның санын шұғыл азайтып арзанға сатып жатыр. Әдетте кем дегенде 600 мыңға бағаланатын құлынды биелердің бағасы мұнда 250 мыңға бір-ақ құлдыраған. Егер өлтіріп алмас үшін малдың бәрін сатып, пышаққа жықсақ елімізде мал қала ма? Бұл ауыл тұрғындарының тұрмысының күрт төмендегенін көрсетеді.

Құрғақшылықтан ең қатты зардап шеккен Маңғыстау облыстық әкімдіктегілердің әр тұрғынның іс-әрекетіне түсініктеме бере алмайтындығын айтып, сондықтан жұрттың «не істеу керектігін өздері білетінін» білдіргенін zakon.kz. жазған болатын. Осыны дәп кімнің айтқаны белгісіз, бірақ кім де болса елге, шаруашылыққа жаны ашитын маманның сөзі емес. Ал облыс басшысы Серікбай Тұрымов 10 маусым күні онлайн режимде өткен халыққа есеп беру кездесуінде қуаңшылыққа байланысты мал басын сақтап қалу мақсатында қолға алынған шаралар туралы баяндап, түсінік берді. Оның айтуынша, мал азығы қорына жергілікті бюджеттен 200 миллион теңгеден астам қаражат бөлінген. «Өлкенің жеке шаруашылықтарын мал азығымен қамтамасыз ету үшін жақын орналасқан Ақтөбе облысымен келіссөздер жүргізілді. Оның ішінде мал азығын қажетті мөлшерде жеткізуге және Маңғыстау облысының шаруашылықтарына жайылымға, шабындыққа жер учаскелерін беруге келісілді», - деді Тұрымов орталық коммуникациялар қызметінде. Біріншіден, 200 млн. теңге малға түпкілікті азық болып жарытпайтыны белгілі. Оған қарағанда бүгінгі азығы картон сенімдірек. Жазда жем-шөп жетіспей жатқанда қақаған қыста не істемек? Екіншіден, Ақтөбе облысы көрші аймақтарды мал азығымен толық қамтамасыз етеді дегенге кім сенеді? Олардың өздерінің де мал шаруашылықтары бар емес пе? Қуаңшылық оларды да айналып өткен жоқ.

Әлеуметтік желіде жарияланған бейнежазбаны көрсеңіз жаныңыз түршігеді. «Міне, Маңғыстаудың түйелері картон жеп жүр. Жылқылар ғана емес, түйелер де жейді. Картонмен күн көріп жүр. Оларды айдап жібереміз, бірақ қайтып келеді. Картонды осылай қораның қасына салып қоямыз. Ал мынау арық-арық тайлар. Шөп жоқ. Мынаның бәрі – картон. Осылай майдалап-майдалап картон береміз», – дейді видео авторы. Сенбейік десек бейнежазба дәлел және өзге де ақпарат құралдары жазып, көрсетіп жатыр. Жануарлардың қандай кінәсі бар десеңізші?..

Қалай болғанда да бұл еліміз үшін төтенше жағдай ретінде бағалану керек-ті. Рас, Мәжіліс депутаттары осыған қатысты кейбір аймақтарда төтенше жағдай енгізу керектігі туралы бастама көтеріп, елімізде жем-шөп мәселесі шешілмегенін айтып, министрлер кабинетін шұғыл шара қолдануға шақырды.

Осыдан кейін Ауыл шаруашылығы министрі Сапархан Омаров Маңғыстаудағы жылқылардың өліміне жауапкершілік облыстық әкімдіктерге жүктелгенін айтты. «Иә, бұл облыстық әкімдіктерден кеткен кемшілік деп санаймын. Олар тұрғылықты жердегі жағдайды министрліктен немесе облыстық әкімдіктен гөрі жақсы біледі. Егер олар алдын-ала дабыл қағып, көлдау шараларын ұсынған болса, біз, әрине, үкіметтен қазіргідей көмек көрсетер едік» – деді министр. Министрдің қандай көмек беріп жатқанын кім білсін, бірақ бұл ең қажетті сала басшысының аузынан шығатын сөз емес қой. Оны да түсіндіре кетейік.

Бізде мынандай бір «заңдылық» бар. Қандай қиын жағдай болса да алдымен халық шулайды. Іле БАҚ өкілдері оған үн қосады. Басылымдарда жазып, телеарналардан көрсетеді. Оған әлеуметтік желілерді қосып қойыңыз. Яғни бүкіл ел жанайқайға басады. Бірақ неге екенін біздің атқарушы билік соны естімейді де, көрмейді де. Ақырында депутаттар араласып, жағдайды түзеуге шақырады. Сонда ғана қимылдағандай болады. Ал заң бойынша Үкімет –атқарушы билік қана, яғни халықтың тұрақты қызметшісі.

Біздің Үкіметіміз ондаған салаларды басқаратын, соны дамытуға міндетті министрліктерден тұрады. Олардың штаты туралы айтудың өзі артық. Құдаға арналған қоржындай кампиып тұр. Сол он мыңдаған қызметкерлердің бәрі халық есебінен жалақы алады. Әрбір министрлік өз саласына бірінші кезекте жауапты. Сол министрліктердің ішінде халыққа ең қажеттісі – денсаулық сақтау, білім беру және ауыл шаруашылығы саласы. Ал жердің қазба байлығын игеру, оны сату саласы ешкімнен көмек күтпейді. Өз иелігіне бүкіл қазба байлықтарды жеке алып байығандар халық мұңын қайтсін, керек болса олар Үкімет түгіл, Мемлекет басшысынан да ақыл сұрамайды. Құрғақшылық пен елдегі ашаршылық немесе жауын-шашын түні-түні болса да олардың мұрттарын балта шаппайды. Ал жаңағы аталған үш саланың жөні бөлек.

Өткенде елімізде көкөніс атаулы күрт қымбаттап, әсіресе қарапайым адамдар үшін «екінші нан» саналатын картоптың бағасы аспандап кеткені естеріңізде. Осыған байланысты Ауыл шаруашылығы министрі Сапархан Омаров өз пікрін білдіріп, жұрттың ашу-ызасын тудырғанын да білесіздер. Өткен жылғы өнімді алмай, биылғы жаңа шыққан картопты және оның бағасын төмендетуді талап еткен халықты кінәлағанын ешкім ұмыта қойған жоқ. Ол не себепті қымбаттады, халық қалай күн көреді деген ұғым ойына да келмеген министрге халық қалай реніш білдірмесін?! Енді міне мал өлімін әкімдердің мойнына іліп қойып қарап отыр. Сонда Ауыл шаруашылығы министрлігі не үшін керек? Кеңседе отырып делдал қызметін атқармай төтенше жағдай болған жерде жүруге тиісті министрдің сөзі осы! Бүкіл жағдайды өз көзімен көріп шешім қабылдай алмайтын министрдің лауазымына сай еместігін қарастыратын уақыт жетті. Ақыры Үкіметтің кеңейтілген отырысына қатысқан Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ауыл шаруашылығы министрін орнынан алып тастады.Дұрыс шешім, халық осыны талап еткелі қашан. Шын мәнінде бізде өз міндетін атқара алмай отырған министрлер көп. Тіпті қазіргі Үкіметті түгелдей отсавкаға жіберсе де артық болмас еді. Үкіметте отырғандардың көбісінің қазақшасы кемшін болса да, екі езуінен майын ағызып қазақтың құнарлы тамағы - қазы-қартаны жегенді жек көрмейтінін жақсы білеміз. Сондықтан біздің биліктегілердің сол ата асымызды беретін малдың қамын да қарастырғандары жөн.

Біз негізінен атамзаманнан бері аграрлы ел болып саналамыз. Ауыл шаруашылығын дамытуға Жаратқан иеміз қазаққа мол мүмкіндіктер берген. Жеріміз кең, суымыз да көптеген елдерге қарағанда мол. Өкінішке орай сол мол мүмкіндіктің тым болмаса төрттен бірін пайдалана алмай келеміз. Тіпті біздің Үкіметте соған деген шынайы ниет те байқалмайды. Жерасты қазба байлықтары санамызды жаулап, көзімізді байлап, сол арқылы құлқынымызды ақшамен бітемек болғанмен табиғат заңын аттап кете алмаймыз. Қазақ атамыз оны «Алтын, күміс тас екен, арпа-бидай ас екен» деген бір-ақ сөзбен түйіндеген. Осыны ұмытпайық....

Қазақ жерінде талай рет жұт болған, тігерге тұяқ таппай қалған кездер де тарихтан белгілі. Сол жұттарда малын ғана емес, оған қоса жанын да жоғалтқан. Өйткені мал өмірдің өзегі, тіршілігінің тірегі болған. Бүгін де солай. Малдан айырылсақ, жанымыздың да аман қалуы екіталай. Жұт болады деп жаманшылық шақырмай-ақ қоялық, Құдай оның бетін аулақ қылсын. Бірақ биылғы қуаңшылықты, оның қандай қатер тудырып жатқанын көздері көріп, құлақтары естіп отырса да үнсіз отырған біздің үкіметтің бұл туралы не ойлағаны бар екен? Әлде әдеттегідей болары болып, бояуы сіңгенде, сең соққан балықтай есеңгіреп барып естерін жинамақ па? Ол кезде тым кеш болады...

**• Дүбірлі дүние**



## ГАИТИ ПРЕЗИДЕНТІН ӨЛТІРІП КЕТТІ

Белгісіз қарулы топ түнде Гаити президенті Жовенель Моизаның резиденциясына шабуыл жасады. Ел президенті ауыр жарақаттан көз жұмып, оның әйелі жарақаттан соң ауруханаға жеткізілді. Премьер-министр Клод Жозеф ел президентінің міндетін өз мойнына алғанын мәлім етіп, елді сабырға шақырып, полиция мен армия елдегі тәртіпті сақтайтынын айтты. Шұғыл қимылдаған Гаити Ұлттық полициясы ел Президенті Жовенель Моизді өлтірді деген күдікпен бірнеше қылмыскерлерді ұстап, тергеу жұмыстарын бастап кетті.

## АМЕРИКАДА КӨПҚАБАТТЫ ҮЙ ҚҰЛАДЫ

Құтқарушылар Майами маңындағы (Флорида штаты) Сурфсайд қаласында құлаған үйдің үйінділері астынан тағы сегіз адамның мәйітін алып шықты. Апат салдарынан қаза тапқандардың саны 54-ке жетті. Бұл туралы сәрсенбіде журналистермен болған брифинг барысында Майами-Дейд губернаторы Даниэль-Левин Кава мәлім етті. Трансляция округтің Facebook парақшасы арқылы жүргізілді. «Күндіз құтқарушылар тағы сегіз адамды үйінділен шығарып алды, - деді ол. - Осылайша құрбандар саны қазір 54-ке жетті». Каваның айтуынша, 86 адамның тағдыры әлі белгісіз. Бірінші күні ғимараттың үйінділерінен 37 адам шығарылды, бірақ содан кейін тірі қалғандар табылмады.



## РЕСЕЙ ТӘЖІКСТАНДЫ ҚОРҒАУҒА ДАЙЫН

Ресей одақтастарын Ауғанстаннан келетін қауіп-қатерден қорғау үшін барлық әрекеттерді іске қосады. Осылай деп Ресей Сыртқы істер министрі Сергей Лавров тәжік-ауған шекарасындағы жағдай туралы пікірін білдірді.

«Біздің одақтастарымызға төнетін қандай да бір агрессивті қадамдар болса, барлық әрекетпен көмектесуге дайынбыз, оның ішінде тәжік-ауған шекарасын қорғауда ресейлік әскери базаны қолданамыз» деді Лавров.

Лавровтың сөзінше, бір күн бұрын тәжік-ауған шекарасына барған Ұжымдық қауіпсіздік жөніндегі келісім ұйымының (ҰҚКҰ) хатшылығы өкілдері ондағы жағдайға баға беріп, мәлімет берген. Осыған дейін «РИА Новости» агенттігі тәжік Ұлттық қауіпсіздік қызметіндегі дереккөздеріне сілтеме жасап, тәліптер Тәжікстанмен шектесетін 1430 шақырым жердің 70 пайыздан астамын басып алғанын жазған болатын.

**2-3-бетті дайындаған**
**Зейнолла ҚАБИОЛЛАҰЛЫ**

# ІНДЕТПЕН КҮРЕСУ – ОРТАҚ ІС

**Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты, «Ақ жол» партиясы фракциясының өкілі Ерлік Өмірғали Көкше өңіріндегі медициналық мекеменің жағдайымен танысты.**

Пандемияның кеселінен толық арыла алмай, қиындық атаулы аяғымызды орап тұрғаны белгілі. Өңірлер қауіпті «қызыл жолаққа» қайта-қайта еніп, асқынған індеттен біржола арыла алмай отыр. Жан сақтаудың бір жолы – тұрғындарды вакциналау екенін дәрігерлер де айтып жатыр. Қазір вакцина екпесінің қоры көбейген кезде оны сақтаудың өзі оңайға соқпасы анық.

Облыстың медицина мекемелерінен түскен өтініштерге орай «Ақ жол» демократиялық партиясы осы мақсатта қайырымдылық жасауға шешім шығарды. Елордадан арнайы жұмыс сапарымен келген Мәжіліс депутаты Ерлік Өміртали Көкшетау қаласының іргесіндегі «Красный яр» кентіндегі денсаулық сақтау мекемесіне ат басын тіреп, демеушілік қаражатқа алынған екі ірі тоңазытқышты сыйға тартты. Бұл тоңазытқышта бір мезетте 16 мың дана вакцина сақтауға болады екен. Парламент депутаты Ерлік Өміргали дәрігерлер алдында сөйлеген сөзінде пандемиямен күресу ақ халатты жандардың ғана жұмысы емес, баршаның ортақ ісі деді ол. «Бір мүддеге жұмылғанда ғана қауіпті індеттің бетін қайтара аламыз. «Ақ жол» партиясы алдағы уақытта осындай демеушілік шараларды жалғастыратын болады. Бізге елдің амандығы қымбат» – деді депутат.



Кенттегі медициналық көмек көрсету орталығының бас дәрігері Серік Сахиевтің айтуынша емхананың ауысымдық қуаты екі жүз науқасқа қызмет көрсете алады. Бүгінде бұл орталыққа осы елді мекенмен іргелес бес-алты ауыл кіретінін айтты.

Ақмола облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Нариман Сыздықов бірлесіп істеген жұмыстың берекесі болатынын білдіріп, ақжолдықтарға мыңдаған тұрғындар атынан алғысын айтып, ризашылығын жеткізді.



# АҚ МОЛ БОЛСЫН!

**Ақмола облысына арнайы сапармен келген Парламенттегі «Ақ жол» фракциясының мүшесі, Мәжіліс депутаты Ерлік Өміргали зауыттың өндіріс процесімен танысты.**

«Көкшетау сүт зауыты» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі аталмыш өңірдегі ең байырғы кәсіпорындардың бірі саналады. Жыл санап өрісін кеңейтіп, өндірісін ұлғайтқан өңдеуші кәсіпорынның нарық қатынастарына барынша бейімделіп, жаңа технологияларды да көптеп енгізу үстінде. Мұнда мал шаруашылығы өнімдерінің түртүрі өндіріледі. Қазақтың құрты мен ірімшігі, айраны мен сүті сапалы өнім ретінде тұтынушының талғамынан шығып отыр және оған деген сұраныс та жоғары.

Кәсіпорын басшысы, Зеренді аудандық мәслихатының депутаты Ерсайын Жақсылықов халық қалаулысына жергілікті өңдеуші саланың мәселелерін айтып берді. Қазір аталған кәсіпорынның өнімдері Ақмола облысында ғана емес, Елорда да, одан да тысқары аймақтарда сатылады. Бүгінгі нарықтың қиындықтарына шыдап, жұмыс ырғағын сақтап, өнім сапасын да арттырып, әсіресе табиғи таза өнім шығаруға ден қойып отыр. Мұнда екі жүзден аса жұмысшы еңбек етеді.

Парламент өкілі кездесу барысында Еуроазиялық одаққа қарасты кедендік кеңістіктің тиімді-тиімсіз тұстарына байланысты ой бөлісті. Шыны керек, мұндай кәсіпорындардың өнімдері бізде сұраныска ие болғанымен, Ресей мен Беларусь нарығына шығаруда кедергілер аз емес. Әрине, мұның бәрі мемлекетаралық келісіммен шешілетін мәселе. Еуроазиялық одаққа мүше елдердің мал шаруашылығы өнімдері біздің дүкендерімізде сынсып тұр. Біздікі ол елдердің нарығын жаулай алды ма? Мәселе, осында. Ресей сияқты сөзі бір, ісі бөлек елдер қазақтың өнімін өздеріне кіргізерде небір талаптарды күшейтіп, үйіп-төгеді. Сондықтан осындай өңдеуші кәсіпорындарға мемлекеттік қолдау керек. Мемлекет ең алдымен өз бизнес нысандарын қорғауы тиіс. Сонда ғана елдің еңсесі көтеріледі. Мәжіліс депутаты Ерлік Өміргали жергілікті өңдеуші саланың түйткіл мәселелеріне назар аудара келе, алдағы уақытта оны биік мінберлерден көтеретінін айтты.

Бұл ретте субсидия жайы да өзекті мәселенің бірі екені айтылды. Кәсіпорын жетекшісі мемлекеттен бөлінетін субсидиялық көмек бәріне бірдей жетпейтінін, кім бірінші өтініш берді, солар ғана алатынын да айта кетті.Қаржы қорын еселеу аса маңызды деген түйін түйілді.

Зауыт басшысы биыл ғана іске қосылған балмұздақ шығаратын технологиялық жобамен таныстырды. Онсыз да Көкшетаудың балмұздағы жер-жерде ерекше бағаланады. Енді тұтынушылар шетелдік технологиямен қапталған базмұздақты тұтынатын болады. Халық қалаулысы бұл балмұздақтан ауыз тиіп те көрді. Ерекше тіл үйіреді. Депутат кәсіпорын еңбекшілеріне «Ақ мол болсын!» деген тілегін білдірді. Парламент өкілімен болған кездесулерде «Ақ жол» партиясының Ақмола облыстық филиалы төрағасының орынбасары Бақыт Смағұл бірге болды.

**«Ақ жол» демократиялық партиясының Ақмола облыстық филиалы**

# БАСТЫ МАҚСАТ – ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ

**ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Серік Ерубаев, Экология мәселелері және табиғатты пайдалану комитетінің мүшесі Дүйсенбай Тұрғанов Атырау мұнай өңдеу зауытында болып, алып кәсіпорынның тыныс-тіршілігімен танысты.**



Зауыттың бас директоры Ш.Данбай кәсіпорынның ағымдағы өндірістік көрсеткіштері туралы айтты. Маусым айында жоспар бойынша 467 мың тонна мұнай өңделсе, шілдеде бұл көрсеткішті 485 мың тоннаға жеткізу жоспарланған. Атырау мұнай өңдеу зауыты тәулігіне 4600 тонна бензин, 5200 тонна дизель отынын өндіреді.

Мұнан соң TAZALYQ жобасына кіретін жабық әдістегі жаңа механикалық тазарту құрылысының (МТҚ) алаңына барды. Биыл төрт технологиялық блоктың екеуі іске қосылады деп жоспарлануда. Құрылыстың қалған бөлігі 2022 жылы аяқталады. TAZALYQ жобасының тағы бір бөлігі – «Сасық сай» булану алқабын қалпына келтіру жұмыстары. Атыраудың ең үлкен экологиялық мәселесі мерзімінен кешіктірмей шешілуде. Бұл шаралар аймақтың табиғи тазалығын сақтап, қоршаған ортаны қорғау мақсатына бағытталған.

– Бұл зауыттағы қоқысты бөлек жинауға арналған экологиялық жоба. Кәсіпорын аумағында қағаз, шыны мен пластикке арналған ондаған түрлі-түсті контейнерлер орнатылған. Олар қоқысты одан әрі кәдеге жарату және қайта өңдеу үшін қажет. Кәдеге жаратудың мультипликативті әсері бар. Қызметкерлер бұл мәдениетті өз отбасы мен айналасына да үйретеді, – деді зауыт басшысы Ш.Данбай.

**«Ақ жол» демократиялық партиясының Атырау облыстық филиалы**



# АҚТӨБЕ ӨҢІРІНІҢ ӨНДІРІС ОРЫНДАРЫ ӨРЛЕП КЕЛЕДІ

**ҚР Мәжіліс депутаты Дания Еспаева Ақтөбе облысына арнайы сапармен барды. Сапар барысында халық қалаулысы «Ақ жол» фракциясының Ақтөбе облыстық мәслихат депутаттарымен кездесті.**

Кездесуде мәслихат депутатының құқықтары мен міндеттері туралы кеңесін берді.

Мұнан соң депутат Хромтау ауданындағы бірқатар әлеуметтік маңызы бар нысандарды аралады. Сондай-ақ, аудан орталығынан 50 шақырым қашықтықта орналасқан Жазық ауылындағы «Ақмез» күнбағыс майын шығаратын зауытқа барды. Ауыл шаруашылығы саласындағы инвестициялық жобалармен танысты.

Сонымен қатар, «Дон» тау-кен байыту комбинаты, «Қазхром» ТҰК-сы, «Восход ORIEL» ЖШС қызметкерлерімен кездесіп, «Өнеркәсіптік саясат туралы» заң жүйесін және салық салу жүйесін талқылады.

**«Ақ жол» демократиялық партиясы Ақтөбе облыстық филиалы**



# ӘЛЕМДІК ӨРКЕНИЕТКЕ БАСТАЙТЫН ЖОЛ

**Латын әрпіне көшу – елдік еркіндіктің, тәуелсіздіктің жетістігі. Сананың еркіндігіне, тәуелсіздігіне жасалатын шешуші қадам. Бүкіл түркі әлемімен ынтымақтастыққа, әлемдік өркениетке бастайтын дара жол. Қазақстандықтардың ғана емес, әлемнің әр пұшпағында тұрып жатқан қазақ атаулының санасында рухани сілкініс туғызатын, Атажұрт үшін ерен мақтаныш сезімін шыңдай түсетін айтулы кезең. Түйіп айтқанда, бүкіл қазақтың ұлт болып ұйысып, біртұтас халық болып жұдырықтай жұмылып, дамудың жаңа биігіне апаратын тағдырлы тәуекелдің алдында тұрмыз.**

Не түрлі қиындыққа, тәлкекке ұшыраған асылымыздың — ана тіліміздің табиғи таза тұнығына жеткізетін латын әрпіне көшуде барлық қазақ бір кісідей жұмылатын кез келді.

Тәлкек емей немене, күштеп енгізілген бір ғана жіңішкелік белгісі (ь) қосылып, қала көшелерінде жиі көрінетін «гульдер» сөзі қазақты мазақ етіп тұрғандай. Жаров, Житомир сияқты қазақ тілінде «ж» дыбысынан басталатын атау сөздерді орысша Джамбул Джабаев, Джезказган деп жазғанға көндік. Алматы қаласының қақ ортасындағы Қазақ университеті қалашығында студенттер ғимараты төбесіне аспандата «Джолдасбеков сарайы» деп айғайлатқан атауды оқыдық. Айта берсек, мұндай көп мысалдан сүрініп жығылатындай, айтылуы да, жазылуы да бұзылып, екпіні шатаса бастаған ана тіліміз туған топырағында, өз Отанында кең қолданысқа жарамайтын тіл атанып, шеттетіле бастағанына шыдадық. Қазақ ұлтының төлқұжаты іспетті асыл ана тіліміздің төрден есікке бұдан әрі сырғи бермей, мәңгілік елдің мәңгілік тілінің мемлекеттік мәртебесіне көтерілетін кезеңін күттік.

Міне, сол сәт туды. Әуезі де, әрі де ерекше, қайнары гауһардай таза, сөздік қоры аса бай қзақ тілін ұрпақтан ұрпаққа жеткізу үшін Елбасы латын әліпбиіне көшіруге тапсырма берді. Енді өткен кеңестік кезеңнің сананы улаған ескі салтымен жарға жығатын, «мен, мен» дегізетін дау-дамайы көп айтыс-тартыстан аулаң болып, ұлттың мүдде мұратына жетейік. Ұлттың үлкен сынақтан сүрінбей өтейік.

Халқымыз «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» дейді. Қазақ тілінің латынша әліпбиін құрастырушыларға біздер сияқты қарапайым тіл жанашырларынан бір тілек — жаңа әліпбиіміз қазақ фонетикасындағы бір дыбыс бір символ, яғни бір әріп, ал ерекше дыбыстар пернетақтадағы (мәселен, Qwerty) апостраф белгілерімен таңбаланып, екі символдың (үш емес) диграфтар екі-үштен аспаса екен.

Иә, латын әрпіне көшуде басты меже — қазақ тілінің дыбыс жүйесінің заңдылықтарының бұзылмауына жету екені түсінікті. Шапағаты мол Жаратушымыз қолдап, бұл меженің асуына абыроймен жететін күн жақсылығымен келсін.

Қазақ тілінің латын әрпіне көшуі — мемлекеттік және жалпыхалықтық деңгейде атқарылатын аса жауапты әрі игілікті сан түрлі іс-шаралардың басы болмақ. Елбасы сонау 2016 жылы жариялаған «Ұлы дала ұлағаттары» еңбегінің «Туған тілдің тұғыры» бөлімінде: «Бізде әлі де бойымыздан арылмай келе жатқан бір жаман әдет бар. Ол әуелі бастамаға бірден үн қосып, дүркіретіп әкетеміз, сосын уақыт өте келе істің аяғын сұйылтып,... іс аяғын ақсатып кететініміз бар. Осы кемшіліктен арылу керек...», «Мемлекетіміздің діңгегі — қазақ халқы. Ел де, жер де — қазақтікі. Ел болудың ұяты да біздің жұрттың мойнында» деген еді. Жүректен шыққан сөз жүрекке жетеді. Елбасы толғанысы дайындығы 2012 жылдан басталып шешуші сәтіне жеткен осынау тарихи кезеңде бүкіл қазақты, ғалымдарды, депутаттарды, мемлекеттік барша қызметкерлерді ана тілімізді әлемдік дамудың даңғылына бастайтын латын әліпбиіне көшірудің бүгешігесін бүгіннен ойластырып, жоғары білімділік, біліктілік, жауапкершілік биігінен көрінуге шақырып тұрғандай. Мектепте бірінші сыныптан сабақ кестесіне енгізілетін 2022 жылға қазірден-ақ жан-жақты дайындықтың бағдар-жоспарлары түзіліп, жалпы жұрттың белсенді қатысуымен жүзеге асырылуы алдын ала ойластырылса, нұр үстіне нұр.

Бұл орайда атқарылар іс ұлан-ғайыр.

Қазақ тілінің латын әрпімен әліпбиі қабылданғаннан кейін мән- маңызы ерекше үлкен қадам — асқан жауапкершілікпен, артынан өкініш, реніш туғызбайтын оқулықтар, оқу-әдістемелік құралдар кешенін жасау. Бұл ана тіліміздің саф қалпында ғасырдан ғасырға, ұрпақтан ұрпаққа жетуінің мәңгілік желкенінің үзілмейтін желбауының берік тұғыры болмақ.

«Атың шықпаса, жер өрте» дегендей, кезінде белгілі ведомствоның сонау жиырмасыншы ғасырдың басында ашыла бастаған жаңа мектептермен бірге өмірге келген білім көзінің бастауы іспетті «Әліппе» атауын «Сауат ашу» деп алмастырғанына таңғалып болғандаймыз. Енді жаңа әліпбимен бірге «Әліппе» оқулығын да, бүлдіршіндердің «Әліппемен» қоштасу мейрамын да қайтарып қуантса деген үмітіміз бар.

Қазақ тілінің жаңа әліпбиінің оқу-әдістемелік құралдары қазақ және оқу орыс тіліндегі мектептерге қатар шығуы тиіс. Оқу орыс тіліндегі мектептердің сабақ кестесінде қазақ тілі пәні барын бәріміз білеміз. Оқу орыс тіліндегі мектептердің оқушыларының 70- 80 пайызы қазақ балалары екенін әсте естен шығаруға болмайды. Олар өздерінің ана тілінің жаңа әліпбиін қазақ мектептеріндегі құрдастарымен қатар меңгерсін. Ағылшын, түрік тілді мектептердегі қазақ балаларын да бөліп тастай алмаймыз. Өзбек, тәжік, ұйғыр, тағы басқа тілдерде оқитын күндізгі және кешкі мектептер шәкірттері де мемлекеттік тілдің жаңа әліпбиімен шыққан оқу құралдарын асыға күтетіні күмәнсіз.

Ата-аналар балаларына көмектесуге даяр болуы үшін жалпы көпшілікке, үлкендерге арналған жаңа әліпби кітаптары мектеп оқулықтарынан көп бұрын шықса, тіпті жақсы. Мұғалімдерді даярлау мәселесі де жедел қолға алынса, ләзім.

Иә, бүкілхалықтың қолдауға жеткен, Тәуелсіздікпен келген тарихи бастаманың көші түзу болса игі.

**Сайраш ӘБІШҚЫЗЫ,**
**Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының екі мәрте лауреаты, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері**

■ İS-SHARA

# «ҚАЙЫРЫМДЫ ІСТЕР МАРАФОНЫ» ЖАЛҒАСУДА

**«Қайырымды істер марафоны» жалпыұлттық жобасы Қазақстан Тәуелсіздігінің 30 жылдығы аясында ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен жүзеге асып келеді. Жоба Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы және Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің қолдауымен өткізілуде. Жыл басынан бері марафонға 2,5 млн.-нан астам адам қатысып, 167 мың адамға нақты көмек көрсетілді.**



Алматы облысының волонтерлері тазалыққа арналған экоакция аясында Қапшағай тасжолын вандалдық жазбалар мен қоқыстан тазартып, игі істің атқарылуына мұрындық болды. «Қайырымды істер марафоны» жалпыұлттық жобасының қатысушылары осынау шараны Kazakh Tourism ұлттық компаниясының, Қапшағай қаласы ішкі саясат бөлімі, Алматы облысының туризм басқармасы мен ҚР АҚДМ қолдауымен «Jana Dunie» қоғамдық қорының ұйымдастыруымен өткізді.

Көпшілікке берері мол шараның қатысушысы, «Jana Dunie» қоғамдық қорының өкілі Бағдат Ақбиеваның айтуынша, өте күрделі локация болған. Күннің ыстығына қарамастан, айналадағы қоқысты мұнтаздай қылып тазарту, жартастардағы жазбаларды өшіру оңайға соқпапты. Өз замандастарын тазалық сақтауға шақырған Бағдат табиғатымызы аялау – әрбіріміздің азаматтық борышымыз екенін айтты.

Акция барысында волонтерлер, белсенділер мен Yolohouse-тан келген қазақстандық тик-токерлердің қатысуымен тазалық жұмыстарымен қатар, қоршаған ортаны қорғауға бағытталған арт-перфоманс ұйымдастырылды.

Арт-перфоманс кезінде қатысушылар «Табиғат та жауап бере алады» ұранымен ұйымдастырушылар қолдары мен беттеріне кейбір туристердің табиғи орындарға жазып кететін жазуларды жазып алды. Осы арқылы олар қай жерде болсын тазалық пен тәртіп сақтаудың маңызды екендігін түсіндірді.

Волонтерлердің айтуынша, перфоманс негізіндегі шараның халыққа тигізер пайдасы орасан зор. Арттарынан ойсыз жазбаларды қалдыру арқылы әркім өзінің деңгейін көрсетері анық. Осындай шаралардың арқасында санаулы адам болса да жаман әдеттен арыла алса, онда еңбектің ақталғаны дейді олар.

«Біз бұл акцияның аясын кеңейтіп, 24 шілдеде өтетін жазғы Қайырымдылық күніне орай, елдің әр аймағында ұйымдастыруды жөн көріп отырмыз. Сонымен қатар, бұл жолы да Jana Dunie қоғамдық қорымен бірігіп, біз «Өз елімде із қалдырмай Sayahattime» атауымен әрбір аймақта жартастар мен су қоймаларын тазарту акцияларын өткізуді қолға аламыз. Экология — бүгінгі күні әлемдегі ең күрделі мәселелердің бірі. Біз қазақстандықтардың бәрін де Қайырымдылық күніне атсалысып, қоршаған ортаға қамқор болуға шақырамыз», — дейді «Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» КЕАҚ Басқарма төрағасы Л.Диас.

Алдағы уақытта да осындай игі істердің басы-қасынан табылатын жастарымыздың қатары көбейе берсе, нұр үстіне нұр болмақ.

*Qazaquni.kz*



# ЖУРНАЛИСТИКА ӘЛЕМІ: ӘРІПТЕС ОЙ БӨЛІСЕДІ



## ІСІҢНІҢ ҮЛКЕН ӨНЕР ЕКЕНІН ҰМЫТПА!

**Мәскеу мемлекеттік университетінің түлегі, кәнігі қаламгер, ақын Болат Үсенбайдың лебізі:**

– Университет қабырғасында жүргенде ұстаздарымыз «макет жасауды, газет-журналдың ішкі лабораториясын жақсы білген адам ешқашан жұмыссыз қалмайды. Кез келген басылымға қиналмай орналасады» дегенді жиі айтатын. Оған кезінде мән бере қоймаппыз. Өз басым балаң қиялмен «мен ең алдымен журналист емес, ақын боламын» деген ойды санама сіңіріп алғандықтан бірталайға дейін адасыңқырап келіппін. Бірақ кейінірек пайымдап қарасам, бұдан да ұтқаным аз болмай шықты. Себебі, өз әдебиетімізді де, шет ел классиктерінің шығармаларын да бірталай қаузаған екенбіз.

Кейін еңбек жолын әйгілі «Лениншіл жаста» бастаудың бақыты бұйырды. Дегенмен, бұл бір жұмақ тіршілікке, бас айналатын рахат өмірге күмп ете түстік деген сөз емес. Газетке келген бойда басшылар хатқа жекті. Хат қорыту деген де жас тілшілерге үйретері көп өзіндік мектеп. Хат көбінесе ауылдан келеді. Нешеқилы тағдыр иелерінің жан сырына үңілесің немесе белгілі бір шаруашылықта шешімін таппай жатқан мұқтаждықтар мәніне қанығасың. Қысқасы, халықтың тыныс-тіршілігіне дендей түсесің. Және ең бастысы – сол хат иелерінің көпшілікке жеткізсем деген ойын әдеби өңдеп, жұп-жұмыр етіп ұсынуға дағдыланасың. Одан соң қаламгер ағайындар жақсы біледі, «ЛЖ»-ның мектебінен өту деген, расында да, әлі күнге дейін зор мәртебе саналса керек. Онда мүйіздері қарағайдай небір білікті журналистермен тізе қосып еңбек еттік. Мейлінше ысылдық. Кәсіптің қыр-сырына бойладық.

Алғашқы жетекшім – бүгінгі танымал қаламгер Жанболат Аупбай. Бұ кісі өте көп оқитын, көп ізденетін маман екен. (Қазір қарап отырсам, сонда бізге ересек көрінетін Жәкең отыздың о жақ, бұ жағында ғана көрінеді). Әр қалтасында бір-бір қойын дәптер жүретін еді десем, артық емес. Міне, осындай ағалардың арқасында іске мейлінше төселе түстік. Хатпен жұмыс істеуге үйрендік, түрлі күрделі салаларды зерттеп, қалам тербеуге машықтандық. Жалпы, газет-журналда не болатынын біле түстік. О кезде газет-журналдың қорғасынмен басылатын кезі. Талай ауыртпалықтар болды. Негізі, журналистиканы айрықша өнер екені мәлім, екіншіден, мұны қиындығы мен қызығы қатар жүретін қара жұмыс десек те қателеспеспіз. Жоғары оқу орнын тәмамдаған жас маман, міне, осындай «университеттен» де өтуге міндетті.

Қазіргі кезде газет-журналға тәжірибе жинақтауға талпынған студенттер келіп жатады. Солардың біраз кемшіліктерін көріп қынжыласың Біріншіден, олар қазақ басылымдарын оқымайды. Ал журналист немесе жазушы боламын деп талпынған адам ең алдымен өзінің ана тіліндегі басылымдарын қадағалап оқып, соған зер салмай ма! Жалпы, кез келген жас қоғамнан тысқары қалмауы керек. Еліміздің тыныс-тіршілігі, тәуелсіз мемлекетіміздің алға қойған міндеттері, жастардың да ой-арманы, болашақ мақсаттары туралы ақпаратты сол газет-журналдардан табасың. Ал журналистиканы таңдаған көпшілік жастарымыз сол басылымдарды қадағалап отыруға, мамандық сырын игеруге аса ынталы емес. Кейбір іні-қарындастарымыз қаламсапты қолына ала салып, ешбір дайындықсыз-ақ тек қиял дүниесінде журналист болып кеткісі келетіндей әсер қалдырады. Және жастардың көпшілігі жалқау. Мектеп қабырғасында жүргеннен-ақ кітапханаға бару, басылымдарды пайдалану ісінен хабарсыз. Айталық, кітапханада каталог деген болады, түрлі энциклопедиялар бар, солармен жұмыс істей білу шарт. Журналистика мамандығын игеру тек қана көркем шығармалардан тұрмайды ғой! Сан алуан танымдық әдебиеттер бар, таңдаған кәсібінің қыр-сырын терең игеруге ұмтылған адам соларды білуі қажет. Белгілі бір дүниелерді талмай зерттеп, білімін жетілдіріп, ой- қиялын ұштап отыруы тиіс. Журналист бір бағытпен танысып қана қоймай, кез келген өзге де саланы білуге міндетті. Мәселен, «Қазақ әдебиеті» газетінің, негізінен, әдебиет пен өнерді қаузайтыны секілді елдегі экономикалық, әлеуметтік, көлік-коммуникация, отын-энергетика сияқты толып жатқан салаларға арналған көптеген басылымдар бар. Мұндайда болашақ тілшілер ойға салса төске озған хас жүйріктей кез келген бағытта қаламы жүрдек болса деген тілек туындайды. Үйрену деген, әрине, бір жерден көшіріп алу емес, белгілі бір басылымдағы тақырыптың ашылуы, талдануы, соған анализ жасау мәселелеріне де жіті назар аударса деп ойлаймын. Тағы бір аңғарғаным – көпшілік студенттер хабар жаза алмайды. Ал қиялы аспандап, жерге түсе алмай тұрады. Кеуделері аяқ қаптай. Оның бір себебі, жоғарыда айтылғанындай, әдеби кітаптарды пайдаланбайды. Тілі кедей. Ойын нақтылап жеткізе алмайды. Онан кейін бүгінгі қоғамда болып жатқан құбылыстардан кенже қалып жатады. Соның бәрі оқымаудың кесірі. Меніңше, жалпы, журналистикаға талаптанған адам жігерлі, күш-қуаты мол болуы керек. Ең көп жазатын кез жастық шақ емес пе. Кейін денсаулық жағдайы алдыдан шығып, өзге де шаруалар көбейіп, мұрша болмай кетуі мүмкін. Сондықтан жастар қаламды ертеден-ақ күні-түні шыңдаса зиян шекпейді. Бірақ көп жазу деген көпіртіп бос жазу деген сөз емес. Ойланып, зерттеп, біліп жазып, халыққа қажетті дүниені біліктілікпен ұсына білген жөн. Ал айтарыңыз болмаса журналисттікке талаптану орынсыз деп ойлаймын..

Бұл, әрине, жас журналистердің бәрінен бірдей түңілгенім емес. Талапты, қабілетті жастар баршылық. Дегенмен, бұл салаға келген адамның таңдаған кәсібінің үлкен өнер екенін ұмытпағаны жөн дер едім.

## ЖАЛҒАН АҚПАРАТ ЖАРҒА ЖЫҒАДЫ

**«Журналист ең алдымен жазатын тақырыбын әбден зерттеуі тиіс. Яғни, тақырыпты игеруі керек. Бұл үшін, әрине, жас тілшіге алғашқыда жетекшісі немесе ұстазы қандай бағыт-бағдар береді, істің сәтті сабақтасуы соған да тікелей байланысты болуы мүмкін», – дейді Алматы қаласындағы С.Мұқанов пен Ғ.Мүсіреповтің мемлекеттік әдеби-мемориалдық музей-кешенінің директоры, кезінде «Лениншіл жас», «Халық кеңесі», «Қазақ Елі», «Шалқар» басылымдарында ұзақ жылдар еңбек еткен танымал журналист, ақын, Халықаралық «Алаш» сыйлығының лауреаты Әділғазы Қайырбеков.**

– Осындайда бір кезде өзіме өмір бойы сабақ тұтқан бір жайт еске түседі. Сонау тілшілік қызметке енді ғана кірісетін балаң шақта тапсырма алайын, тақырып алайын деп «Лениншіл жас» газетіне ең алғаш барғанымда, ондағы білікті жас журналистердің бірі, бүгінде елге кең танымал қаламгер Жанболат Аупбай ойлана келіп, мені Топырақтану институтына жіберді. Жасыратыны жоқ, іштей «апырай, мына кісі тым бір қиын шаруаға жұмсады-ау! Анау-мынаудың тісі бата бермейтін ондай жауапты істі қалай атқарамын!» деп тіксініп те қалдым. Әйткенмен, шегінуге жол жоқ, ойбай, Жәке, қолдан келмейді деп ат-тонды ала қашуға және болмайды. Содан аталған оқу орны туралы мәлімет жинап, алдын-ала қаруланып алу үшін қазіргі Ұлттық кітапхананы бетке алдым. Мұнда бірталай отырып, Топырақтану институты мен осы мекеме айналысатын ғылым саласымен тереңірек танысуға тура келді. Сөйтіп белгілі тақырыпты зерттеп, топырақтанудың не екенін бақайшағына дейін оқығаннан кейін ғана иститутқа бардым, мақаламды жаздым дегендейін...

Бұл маған бір үлкен сабақ болғаны рас. Екінші рет Алматыға Аркадий Райкин келетін болды да, соны ести салып, атақты артиспен қалайда тілдесіп қалуға талаптандым. «Лениншіл жас», білесіз, журналистердің ғажайып ұстаханасы. Онда жас журналистердің ұдайы ізденіп, бірінен-бірі асып түсуге тырысып, тосын тақырып іздеп, небір тың формалар тауып, шарқ ұрып жүретін салт бар еді. Мен де бір орайы келе қалған іске іштей масаттанып, апта бойы тағы да сол әйгілі артист туралы мақалалар мен оның берген сұхбаттарын оқып, осынау кең танымал адамның өмірбаянына, өнеріне қатысты тың деректер жинап, сала құлаш сұрақтарымды дайындап бардым. Бірақ үш күн бойы о кісімен жолыға алмай жүріп, ақыры қазіргі Республика Сарайының сырт жағындағы қызметтік есіктің тұсындағы мыжырайған жаман ағаш орындықта отырып, сол кісіден жарты сағат сұхбат алғаным күні бүгінге дейін есімнен кетпейді. Расында оны басқа жерден ұстау мүмкін емес еді. Әйтеуір, ығытын тауып, репетициядан шығып бара жатқан жерінде ұстап, тілдесудің сәтін түсіруімді өзіндік бір ерлікке баласам да артық емес шығар. Қызығы, мақалам дайындалып, «Лениншіл жастың» бетіне түсейін деп жатқан кезде Орталық Комитеттен Райкин туралы бірде-бір мақала жарияланбасын деген шұғыл нұсқау түсті де, «айды аспанға шығарам ба» деп үміттенген әлгі дүнием беттен алынып тасталды! Сонда бір мақала үшін қаншама дайындалып тер төккенім, кейіпкермен кездесу үшін екі өкпемді қолға алып зыр жүгіріп, табан тоздырған қыруар еңбегім зая кетті-ау деп қатты опынғаным да есімде.

Кейін «Халық кеңесі» газетінде жүргенімде шығардым соны. Қарап отырсам, арада он бір жыл өткеннен кейін жарық көріпті Райкин туралы әлгі мақала. Дегенмен, жаман дүние емес екен, ондай нәрсе бәрібір ескірмейтін көрінеді, он бір жылдан кейін барып бір-ақ жарияланса да қуандым іштей. Аркадий Райкинді әжептәуір-ақ зерттеппін, оның айтқан әдемі ойларын тәуір-ақ кестелеген екем. Ең қымбаты да сол ойлар еді. Соны кезінде алып қалғаным үшін көңіл марқайды. Мұны айтып отырған себебім, журналиске ең бір керек қасиеттердің бірі – тақырыпты ізденіп жүріп табудың және оны ашу үшін көп зерттеудің пайдасыз болмайтынын еске салу ғой.

Жалпы, жастайыңнан-ақ өзіңнің қалаған тақырыбыңа көбірек барғаның жөн. Әлгі әмбебап болып, барлық тақырыпқа да барамын деу кейде журналисті шаршатады. Әрине, жан-жақты болу жақсы. Бір қарағанда, оның артықшылықтары да көп болып көрінуі мүмкін. Дегенмен, түптің түбінде бәрібір ұтылыс табасыз. Себебі, істі жетік білмегеннен кейін дайындық осал. Содан атүстілік пайда болады. Тақырыпты ашылмайды. Діттеген нәрсеге терең бойлап бара алмайсыз. Ал енді «алтын шыққан жерді белден қаз» демекші, белгілі бір саланың айналасында тұрақтап, оны терең дендей зерттеп дағдыланған адам өзі ұнатқан сол бағытта бірінен кейін бірін шығарып небір тартымды тақырыптарды аша беретін болады. Өз басым жиырма жылғы журналистік жұмысымда, негізінен, мәдениет, әдебиет өнер тақырыбын қаузаған екем. Қарап отырсам, ұдайы театрмен, шығармашылық одақтармен көп байланыста жүргендіктен де шығар, осы негізде талай іс тындырған сияқтымын. Одан соң байқағаным, өнер мәңгілік болғандықтан ба, осы бағытта айтылатын әңгіме де жерде қалмайды екен. Тіпті, Әдебиет, Мәдениет, Өнерімізге қатысты кейбір сұхбаттардың өзі кейін арада көп жылдар өткеннен кейін алып қарасаң, маңызын жоймайтын көрінеді. Оны қайталап еске алуға болады екен, қызығып оқуға болады екен.

Журналист үшін ең бір керек шаруаның бірі – іссапар. Өйткені тек кабинетте отырып алып, жаза беру қисынға келмейді. Жұрттың бәрі ғұмыры теңізге түсіп көрмесе де, мұхиттар асты әлеміндегі небір таңғажайып оқиғаларды көзбен көріп, қолмен қойғандай суреттейтін Жюль Верн емес қой. Журналиске де керемет фантазия керек. Ондай таңғажайып қиял әлемі болса құба-құп. Бәрібір оған да қоса мына бүгінгі өмірдің бүлк-бүлк соққан қан тамырын қалтқысыз дөп басу үшін үнемі іссапарға шығып отырған жөн. Жолдар журналисті неше қилы адамдармен кездестіреді. Түрлі оқиғалармен ұшырастырады. Соның қайнаған ортасында жүріп, ол өзінің көптеген тақырыбын табады.

Ең абай болатын нәрсе – жалған ақпарат бермеу керек. Ол үлкен қателікке ұрындырады. Жаңсақ ақпарат кейде байқамай беріліп қалуы мүмкін. Кейде елемегендіктен немесе білместікпен де жарияланып кетуі ғажап емес. Мұндай олқылық журналистке де, оның газетіне де абырой әпермейді. Одан соң оқырманды аяу керек. Баспасөзге имандай сенетін көпшілікті сыйлау керек. Жалған ақпарат жарға жығады. Ешқашан да долбармен, осылай болар-ау деген жобамен хабар тарата салудан сақ болған жөн. Біле білсек, халықты алдау, оны шатастыру қылмысқа пара-пар. Кейбір тілшілердің өз пікірін, жеке көзқарасын дүбәра ақпарат арқылы таратып жіберетін сәттері кездеседі. Өз басым ондайға қарсымын. Өзің әбден көзің жетпеген нәрсені жеті рет өлшеп, соның анық-қанығына көзіңді жеткізбей тұрып жұртқа шығаруға мүлде болмайды деп есептеймін.

**Жазып алған**
**Құлтөлеу МҰҚАШ**
*Алматы*

**Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында: «Халқымыз ғасырлар бойы туған жердің табиғатын көздің қарашығындай сақтап, оның байлығын үнемді, әрі орынды жұмсайтын теңдесі жоқ экологиялық өмір салтын ұстанып келді. Біз жаңғыру жолында бабалардан мирас болып, қанымызға сіңген, бүгінде тамырымызда бүлкілдеп жатқан ізгі қасиеттерді қайта түлетуіміз керек» деді. Көпшілікке ұсынылып отырған дүние сол ойдың мәнді жалғасы.**

# ТАБИҒАТТЫҢ ТЫЛСЫМЫ

*(Аңшы әңгімелерінен)*



Қарап отырса, Тілеуғабыл Есенбекұлы өмір бойы аң қуған екен. Көбінесе сол Жезқазғанда қызметте жүрген шақтарында жиірек шығыпты. Ол төңіректе бармаған жер, баспаған тауы аз-ау. Жанында үш-төрт жолдасы жүреді. Топтасқан бойда Бетбақтың жондарын кезіп, қияндағы Созаққа дейін жортыпты. Жезқазған жерімен жапсарлас Қызылорда, Ақтөбе, Қостанай облыстарының шекарасына дейін шығандаған. Сонда да ылғи жан қалтасында бірер түйір құрт жатар еді. Осы көне торсығы да талай жылдарғы серігі. О кезде жолға азық аласың, әрине. Жапан далада ата-бабамыз қонақжай еді, бір тостақ сусын берер ме екен деп, танымайтын қай қазақтың жаппа тамын сағалап жүрерсің. Және бүгінгі заман мүлде басқаша. Әдетте «Уаз» автокөлігімен шығатындықтан, аңшылардың қоржындары дәм-суға толы болады. Машинада шағын мосы, шәйнек, қазанға дейін сақадай сай тұрады.

Үш күн, төрт күн бойы қаңғитын кездер де кездесті. Қалтылдап, гүрсілдеп келеді ақыры. Әйткенмен, олжасыз оралмайды. Жосыла жортқан киік көп болады; солардың соңынан ілбі салған түлкі мен қасқыр да жиі ұшырасады. Соның артынан ақырын жымып басып, бұлар да ілесіп отырады.

Ол енді бір керемет нәрсе. Аңшылықтың романтикасы ғажайып дүние. Естен кетпес қызықты сәттер жеткілікті екен.

Ана жылы қасында ерткен алматылық журналист бауыры бар, шопыр жігіт үшеуі Созақ даласының адыр-белестерін бірталай шарлап, Жезқазғанды бетке алып заулап келе жатты. Көлік – «Зил-130». Кейде жолсызбен де жортуға ыңғайлы машина. Қорапта арлан қасқыр жатыр. Бетпақтың жондарын күні бойы кезгендегі олжалары...

Түн ортасы әлдеқашан ауған. Қарашаның ала шабыр қары бір түсіп еріген кезең-ді. Ықтырма жел екілене соғып, үркер батар сәт таянған. Бір мезгілде қараңғы түнек арасынан әлдененің қос жанары жарқ етті.

– Тоқта, тоқта! – деді аңшы жүргізушіге ақырын ғана. – Өшір машинаның жарығын! Түлкі! Құ түлкі...

Тілші інісі екеуі мылтықтарын ала салып секіріп-секіріп түсті де, бүкшеңдеп бұғып басып, сонадай жердегі терең жыраға жата-жата қалысты.

Төбешік тасасындағы түлкінің қайқаңдауына қарағанда бұларды байқамағандай. Қасынан бүгежектеген күзен көрінді. Қосарласып, бірдеңе істеп жүр. Ұзақ күйбеңдеді.

Әлден уақытта бұлардың сыбдырын сезіп қалған түлкі бұғып жата қалды. Сол мезет Тілеуғабылдың мылтығы да тарс еткен. Тілшінің қолындағы «ТОЗ-8» де екінші бүйірден безе қашпақ болған күзенді құтқармады.

Жүгіріп барса, іннің аузы екен. Алдында бір зорман өліп жатыр.

Сөйтсе, түлкі мен күзен «кооперация» арқылы тіршілік жасайтын болып шықты. Яғни, өзара селбеседі. Күзеннің тұяғы нәзік болғандықтан інді түлкі кеңейтіп үңгіп береді екен де, күзен түпте тығылып жатқан зорманды бас салып өлтіріп, оның бас сүйегін уатып, миын жейтін көрінеді. Сонан кейін ғана барын жемтігінің етін түлкіге шығарып береді. (Зорман – дене тұрпаты саршұнақтан ірі, сырдан кіші хайуан. Қара суық түспей ерте жатып қалады. Автор).

Сыбайласқан жақсы-ақ. Бірақ сол түні байғұстардың екеуі де аңшылардың қанжығасында кетті.

Өз-өзінен кәрілік, қарттық туралы ойлады. Мәңгілік ештеңенің жоқ екені еске түсті. Иә, расында, «Жас көңілде жарық бар, кәріде кемдік анық бар» деп Шәкәрім қажы айтқандайын, жасамыс шақтың мұңы басым. «Кәрілік – құтылмайтын бір қазған ор» деген де осы кісі. Онысы рас, аузына тиген сүйекті майша қылғытатын анау арландардың да қырық екі тісі түгел түсіп, төрт азудан түк қалмайтын сәт те туады...

Сондықтан о сорлыларды абадан қасқыр әуектен (үйірден) қуып та жіберетін жағдайлар кездеседі. Шондандайы майырылып жалғыз қаңғып, итшілемеске амалы қала ма. Кейде өз үйірлестері-ақ талап жеп қояды. Қайсыбір тектілері өзінің осындай пұшайман хәл, күйкі тірлігіне күйініп құсадан да өледі...

Бір күні қызық болды. Желтоқсан айының орта тұсында бір қар жауған сәтті пайдаланып екі жолдасын ертіп шығып кеткен. Төңіректі төрт күндей шарлап, түнгі сағат үштер шамасында қаладан жетпіс шақырымдай жердегі Бозайғыр адырларына жетті. Әлден мезгілде айдың жарығымен қалың баялыш түбінен қыбырлап кетіп бара жатқан борсықты көзі шалған. Іштей «Құдай-ау, мына мезгілде бұ қайдан жүр?!» деп таңырқап, шопырға:

– Алдын орашы ананың! – деді дауыстап.

Мәшине шоқ сораңды айнала беріп, гүрс-гүрс етіп барып, тоқтай қалды. Дөңгелегі әлдебір жыраға соғылған секілді. Мылтығын ала салып, дереу секіріп түскен Тілеуғабыл борсықтың ізімен біраз жер жүгірді. Аңы көрінбей кетіп еді.

Біз уақытта қырдың етегінде жан-жағын ақырын шолып сәл бүкшиіңкіреп тұрғанында сырттан киліккен бірдеме екі аяғының арасына қыстырылды. Сөйтсе, бұл әлгі борсықтың дәл інінің аузына тұра қалыпты. Келген сол борсықтың өзі екен. Бейшараның кәрі екенін аңдады. Хайуан:

– Өй, былай тұршы-ей! Жаным қысылып зорға келе жатқанда сен де тұрмайтын жерге тұрып алып! – дегендей қатты жұлқынып, қыспақтан ызалана сілкініп шығып, апанына кірді де кетті.

Қызық... Кәрілік деген не деген жаман, дегенмен...

Тимеді байғұсқа.

Тағы бірде таңертеңгісін әлгі ескі «шохамен» Қотыр Қызылтауды айналып Қазығұрт жоталарына өткен кезеңде қарсы алдынан таудай боп теңселіп, мүйізі қарағайдай бір бұйыр бұланның шыға келгені.

Бұл көрініске аса таңырқай қойған жоқ. Бұрын да талай кездестірген суреті. Осынау қоңырайған құба жондардың қойнауы ежелден, Ақсу-Аюлы, Бұғылы-Тағылы деген атына сай, әр түрлі аң-құсқа толы келеді.

Аңға тақалып барып, мәшиненің сигналын басады. Бірақ, бәтшағар, қанша бепілдетсең де үркетін түрі жоқ. Өңкиіп, жылжуға асықпайды. Алып мақұлық. Тұрқының биіктігі бір сажындай. Салмағы да, алты жүз келіден кем түспейтіні анық. Мұның қасында атан түйеңіз алты жасар баладай көрінуі мүмкін...

Әйтеуір, әлден мезгілде аса жақтырмай, алая қарап, айналаны күңіреніп, ышқына, қинала мөңіреп біраз тұрды да, еріншектей басып, жолды босатты-ау.

Араға бір сағаттай уақыт салып қайта оралған сәтінде әлгі жануар үйдей болып, алдыдан тағы шықсын...

Сол кезде ғана мойын бұрып, жолаушы жақтағы орындығына сүйеулі тұрған бесатарына көз салған. Әйтпесе осыны ату туралы ниеті жоқты. «Мынаның өзі кес-кестей бердіау алдымды! Бұйырғалы тұрған олжа емес пе!» деген ой жылт етті.

Мылтығын жұлып алып, жерге түсіп, бұланға жақындай бергенінде әлгі «еріншек» жануардың дереу бұрыла салып, тапырақдап қарсы жүгіріп, бұған қарай бас салғаны! Қауіпті жануар екенін жақсы біледі. Аяқпен тарпыса аюдың өзін жайпап жіберетін алапат күш иесі...

Жанұшырып, далақтай қашты. Аяғынан түсіп қалған бір сыңар галөшіне қарауға да мұршасы келмеді. (Ауыл арасында жүргенінде құсырып сырып тіккен, жұқа байпақтың сыртынан іле салуға ыңғайлы нәрсесі еді). Сөйтіп, көлігінің сыртын айнала берді де, бұланды желке тұстан ала көздемей атты. Аң белі шойырылғандай қираң етті де, бір жамбастай шоңқиып барып, гүрс етіп құлады. Қатты ауырсынғаны ыңыранған дыбысы мен ақиған көзінен-ақ аңғарылып еді. Одан, қызық болғанда, жедел атып тұрып, емпеңдеп жортқан күйі дөң асып, лезде ғайып болды. Жараланғаны анық-ты. Жонынан қан саулап бара жатты...

Үйге келген соң жағдайды малшы жігіттердің біріне айтып еді, ол да ойбай деп лып етіп, атына міне салып, тау жаққа жөнеген.

Барса, бұлан байғұс, бұлақ басына жете, қансырап жығылған секілді. Қорғасын оқ мойын омыртқасын уатып жіберіпті.

Мал сойып үйренген адам шыдата ма, қолма-қол бауыздап, терісін сыпырып, сүйегін жіліктеп, боршалап та тастапты.

Он-он бес жасар еркек бұланның еті сәл қаттылау келе ме деп еді; жоқ, жұп-жұмсақ екен. Және мұны жеңсікас дейсіз бе, әлде таңсықас па, таптырмайтын дәм екені түсінікті. Ішек-қарын, өкпе-бауырына дейін керемет дәрумен. Білетіндер бұланның тілі мен езуінің өзінен дәмді мәзір әзірлейді. Әйтеуір, қыруар ет қой. Нағыз «қуырдақтың көкесі» деген осы еді...

Жолдастары бар қазір. Кезінде сонау аңға бірге шығып жүрген. Шіркін, өмір-ай, олар да біртіндеп қартайды. Былтыр бір-екеуі хабарласты. Келсейші, баяғыдай саяттап, бой жазып қайтайық та дейді. Артынан әлгі достардың көңілі босап, көзіне жас алып тұрғанын сезеді. Бұл да ептеп қамығып қалады. Барамын, барамын, міндетті түрде жетемін, деп еді.

Бірақ жол түсе ме, кім білсін. Бара алмай жүр ғой. Түнде жастыққа бас қойған соң тезірек ұйықтап кету үшін әрнені ойлап жатасың. Сонда балалық шақтың, жастық кезеңнің елестері көз алдыңнан заулап өтеді. Анау серіктерге елеңдейді. Қиялы соларға қарай алып-ұшады. Таңертең оянғаныңда алдыңнан күтпеген өзге бір шаруалар қаптап шығады. Басқа бір жоспарлар туындайды. Одан соң қырсық шалған әлгіндей бір кезеңдер шырмады. Сөйтіп, ғұмыры бітпейтін күйбең тірліктің ырқына еріп, аяңдап жүріп жатады.

Құсбегілік пен аңшылыққа деген бейімдігі бойына баяғы бала кезінен дарыған дағды сияқты. Үйде қоян ұстаушы еді. Дала қоянын. Сауысқанмен әуестенді. Күйкентай, кірпі, тырна...

Ойлап көрсе, ұстамаған нәрсесі аз екен. Солардың мінез-құлық, пиғыл-пейілдері өте қызық болушы еді. Мысалы, сауысқанына талдың басынан ұя жасап, табанына шөп салып, үстін жауып қоятын. Төбедегі шатырында кішкене тесігі бар. Бір тексергенінде, жұмыртқа басып жатқан-ды. Енді бір қарағанында, балапаны шығыпты. Шиқ-шиқ етеді. Сүйкімді-ақ. Үшінші мәрте соны барып ұстап, қолына алып, аузына нәр тамызайын десе – жоқ. Атымен. Сөйтсе, ана сауысқан ұя ішінен қосалқы ін қазып, титтей шібиін тығып тастапты. Залымдығы сонша, қуысты тікесінен де емес, ешкім байқамайтындай етіп, тура бүйірден қиғаштай шұқып үңгиді. Ал іннің арғы жағын ұңғыл-шұңғыл шытырманға айналдыруға тырысыпты.

Өзі таңалагеуімде қоректеніп әдеттенген. Таңғы сағат бес жарымдар шамасында ой, шықылықтап, бақырады-ай келіп. Дауысы да сүйкімсіз. Шырт ұйқыда жатқаныңда жан тітіретіп бажылдайды бір. Екі көзін сипай салып атып тұрады да, аузына ірімшік апарып салады. Мұның шағын «зообағының» у-шуына үйдегілер де әбден үйренген. Елең қылмай жата береді.

Сауысқанның тамақсаулығы да сұмдық. Жұдырықтай ғана құс кетпендей ірімшікті тұтастай жұтып жібереді. Одан соң дәндеп алады да, күнұзын бақырып, соңыңнан қалмайды. Берсең жей береді, Алла-ау. Тоймайды. Тура бір, сартылдап тұратын механизм іспетті.

Қоянның көжектері лезде жетіледі. Туғанына төрт-бес сағат қана болған титтей көжектің ширақтығы сондай, ыршып қашып, бұлтылдай жүгіріп қолды-аяққа тұрмайды. Екі күн емген соң домаланып алып, тыным таппай олай-бұлай секіреді-ай. Одан соң түн ортасында ретін тауып қашып кеткеніне көзің жетеді. Табиғаттың өзінің дарытқан ақыл-айласы соларға...

Қолға тырнаның дағдылануы қиын. Бірақ бір бауыр басып алса ілесіп қалмай қояды. Сарала қаз бен үйректің үйренуі тез. Кереуеттің астына кіріп алып жата береді. Шақырсаң ытқып шығады. Кірпі болса, тырс-тырс етіп үйдің ішін түнімен шарлап, маза бермейді.

Дала үйрегінің еті емдік қасиеті жағынан ең жоғары орындардың қатарында. Бұ бағытта қаз еті де осал емес. Екеуіне, негізінен, күздің қара суығы түсе аттанушы еді. Жезқазғанның арғы бетінде Баршакөл, Бүршікті көл, Телкөл аталатын шалқар айдындар бар. Осылардың жағасы мен Терісаққанның сыртында «Урожайный» шаруашылығының мол егіні жатады.

Солтүстіктен жылы құрылықтарға қарай бет алған мың-мың қаз сол егінжайға он бес-жиырма күндей аялдап, қоң жинайды. Солардың қаптап, қонғалы келе жатқанын алғаш көрген адам:

– Ой, қой! Мыналарың қаз емес, кәдімгі қарға ғой! – деп өз көзіне өзі сенбес еді.

– Нанбасаң, дүрбі салып қарасайшы! – дейсің сен де.

Жақындап келіп, парашютпен секіріп жатқан десанттардай қанаттарын керіп, бірінен кейін бірі жыпырлап қона бастаған шағында ғана:

– Астапыралла! Мынандай да ғажайып болады екен-ау. Мың-миллион қаздың қатар ұшқанын тұңғыш көрүім! – деп таңырқайды.

Жарты айдай асықпай жатып, әбден семіріп алған соң дүр сілкіне пыр-пыр көтеріліп, азан-қазан қиқуға басып, қара бұлттай қаптап оңтүстікті бетке алады.

Ақылдылықтары ғаламат. Расында да, бәленбай мың шақырымдық азапты жолдың алдында арнайы күйленетін тамаша орынды адаспай таңдап тауып, ұзақ уақыт әдейі жатып дамылдау кімнің ойына келеді!

Аңның ішіндегі ең ақылдысы қасқыр болса, құстың естісі – қаз. Оны, мыңнан бір мезет дегендей, сирек сәті түсе қалмаса, атып алуың да оңай шаруа емес. Маңайлатпайды.

**Құлан САҒАТҰЛЫ**

*Қарағанды облысы*

**Серік АСЫЛБЕКҰЛЫ,**
**жазушы**

# САЙЫН МҰРАТБЕКОВТІҢ КӨРКЕМДІК ӘЛЕМІ

# Басынан ҮШҚАРАНЫҢ

С.Мұратбековтің қазақ повесінің үздік үлгілерінің біріне айналған. «Басында Үшқараның» повесінде кісіні таңдандыратындай, таңдану былай тұрсын, жай ғана селт еткізердей қызығылықты оқиға жоқ. Ғылым кандидаты Әсет араға біраз жылдар салып бір кездегі өзінің туған ауылына оралады. Әпкесінің ұзатылып жатқан қызының, қазақша айтқанда, жиен қарындасының үйлену тойына қатысу үшін. Сол той үстінде Шынар дейтін өзінен әлдеқайда жасы кіші балғын бойжеткенмен арасында кішкентай «роман» туады. Дөрекілеу айтсақ, міне, бар пәле осыдан басталады. Шынардың әрі аңғал, әрі сондай сөз жеткісіз сұлу, ерке қылықтары, көздері, тіпті, бетінің ұшындағы болмашы секпіліне дейін ғылым кандидатының, қалалық жігіттің көл суындай тұнып, ағыссыз қалған көңілін, тоғышарлана бастаған дүниелік көзқарасын астаң-кестең етеді. Сонымен бірге осы той үстінде бозбалалық дәуренінің алғашқы махаббаттары Сәулетай мен Зағипамен ойда жоқта ұшырасу бұл толқынысты тіпті шиыршықтырып жібереді. Әсіресе, Зағипа... Бұл күнде бірнеше баланың анасы болып үлгерген оны малшының ауыр тұрмысы жүзін қарала, торалландырып, картайтып жіберіпті. Әне, ол ошақ басындағы әйелдердің қасында ән салып отыр. Өзі едәуір қызып қалған сияқты. Жә, мәселе сонда ма екен. Әнде емес пе... Не туралы еді сол сиқырлы ән?... Ол жайында құрғақ баяндау мүмкін емес. Сондықтан, осы арада көркем текстің өзінен шағын ба болса үзіндіні келтіре кетпеске амал қалмайды: «Бу бұрқыраған ас үй толған әйел екен: дастархан әзірлеп, күні бойы тамақ пісірген келіншектер, кексе қатындар енді ғана есе тиіп, ішуге кірісіпті. Солардың орта тұсында басындағы орамалы бір жағына қисайып кеткен Зағипа көзін жұмып, теңселіп отыр. Әнді аңыратып отырған сол.

«Басында Үшқараның
қос барабан,
Сол таудан дария шалқар
су тараған.
Сұлу қыз, көркем жігіт
бәрі сонда,
Апырмай, неге келдім
сол арадан»...

Жасы ондар шамасындағы дөңгелек көз қара бала оны бірдеңе деп иығынан тартқылап тұр. «Апа, жүр, кетеміз» дейтін тәрізді. Әсет енді байқады, Зағипа жылап отыр екен. Мас болып қалған-ау, шамасы.

Әсеттің көңілі тағы да алайтүлей боп кетті. Жеткізбейтін армандар, қиялдар көктемгі қара суық желдей бүкіл тұла бойын діріл қаққызып, азынап берді. Не үшін өмір сүріп жүрміз осы? Не үшін тіршілік етеміз? Аңсаған шақ, қимас сәттер неге баянсыз болады осы? Неге тез айрылып қаламыз? Әне, Зағипа да аңсап отыр ғой сол бір шақты.

«Сұлу қыз, көркем жігіт
бәрі сонда,
Апырмай, неге келдім
сол арадан...»

Қайда сол Үшқара? Қайда сол әнші аңсаған әсем қауым, сал-сері қауым? Мүмкін сол Үшқара біздің Ешкіөлместің бір жотасы болар... Адам шіркін тойымсыз ба әлде? Аңсай беретін... Болған үстіне болса дей беретін...

Плащын ертең қайтар жолда алармын деген оймен Әсет әпкесінің үйіне тартты. Ерте жатып ұйықтап, дем алу керек. (159, 304 б,б.). Повесть осылай аяқталады. Әсетпен бірге оқырманның да көңілін дауыл қуған теңіз толқындарындай шамырқантып, Әсеттің ерте жатып дамылдауы қажет. Әй, бірақ қайдам... Алаңсыз ұйықтай ала қояр ма екен ол енді жуық арада. Жаулығы бір жағына қисайып, аңыратып салған Зағипаның әні тағы да біразға дейін жан дүниесін әлем-жәлем етіп, көпке дейін маза берер деймісің. Тіпті, анда-санда есіне түскен күннің өзінде қалған бүкіл ғұмырына маза бере қоймас! Өйткені автордың өзі айтқандай, адам деген болған үстіне бола түссе дейтін арманшыл, қиялшыл, бір жұмбақ жаратылыс емес пе? Бұ дүниеде жүрегі соғып тұрғанда енді Әсет ешқашан аңсаудан жалықпас Зағипамен бірге сол Үшқараның басында қалып қойған сал-сері дәуренді, сұлу қыздар мен көркем жігіттерді... Сол әннің сиқырлы сазы оның әлі талай жүрегін ауырсына шымырлатар.

Повесть әлдеқашан оқылып болған, бірақ оның эстетикалық қуаты мен идеясы осылай оқырман көкірегінде жалғасып кете береді, кете береді. Жазушының мұндағы айтқысы келген басты ойын, идеясын сондықтан бірер сөйлеммен баяндай алмайсыз: ол, бәлкім, өмірдің өткіншілігі, махаббатсыз дүниенің бостығы болар немесе адам көңілінің аңсаудан жалықпайтындығы шығар. Иә, осының бәрі және оның сыртында әр оқырманның көкірегінде жалғасып кете беретін осы секілді сансыз ойлар, толғаныстар... Әсет образының трактовкасын жасау мен повестің көркемдік идеясын ашуды жазушы осылайша оқырманның өзіне қалдырады. Әсетті жағымды кейіпкерге жатқызасыз ба, жағымсыздарға қосасыз ба, әлде осы екі қасиет белгілерінің қоспасын табасыз ба оның бір басынан – ерік өзіңізде. Бір нәрсе әйтеуір айдай анық, С.Мұратбековтің басты кейіпкері сізді қапысыз сендіреді, шынайылығымен тәнті етеді, сондықтан да сізді ұзақ уақыт өзінен босатпай, жібермей қояды. Асылы, көркем әдебиеттің басты мақсаты да осы болуға тиіс. Ал, алғашқы беттерінен бастап-ақ құрғақ ақыл, дайын уағызын ала жүгіретін кейбір псевдошығармалар оқырманды нақ осы басты рөлінен жұрдай етеді, сөйтіп көркем өнерді масқаралап, оны құрғақ моральдық қағидалардың іш пыстырар нашар оқулығына айналдырады.

Сайынның «Басында Үшқарасын» оқып отырғанда осы әдеби туындыны жазған автордың бұл дүниеде бар-жоқтығы біздің миымызға мүлде кіріп те шықпайды, өйткені повесте шығарманың басты кейіпкері мен баяндаушы автор бір субъектіге айналып кетеді. Шығарманың бүкіл эстетикалық, идеялық қуаты автордың ақыл-парасатынан емес, персонаждардың іс-әрекеттерінен, мінез-құлықтарынан, дүниелік көзқарастары мен пайымдауларынан туындап жатады, сондықтан да шүбәсіз сендіреді. Орыс прозасында А.П.Чеховтан, қазақ қарасөзінде Б.Майлиннен кейін мықтап орын тепкен нақ осы поэтикалық принцип көркем әдебиеттің өмірге барынша жақындауына, барынша шыншыл болуына баға жетпес септігін тигізген болатын кезінде. Чехов нақ осы принципті өзінің көркем прозасы арқылы өмірге алып келгені үшін ұлы реформатор атанды. Ол сонымен бірге үйреншікті қарапайым тіршіліктің көпке белгілі құбылыстарынан белгісіздерді танып таба білді және оқырманды ынтықтыру үшін қиыннан қиыстыратын дәстүрлі «қызықты» сюжеттерден де көркем әдебиеттің тарихында бірінші болып бас тартты. Сол себептен де көркем әдсбиетті қызық қуу, таң қалу, тікелей тәлім алу өнері деп бағалауға дағдыланған оқырмандар қауымы алғашында оның «қарабайыр» шығармаларын біраз тосырқап қарсы алған болатын, алайда олардың көзі қарақты, көңілі ояу топтары көп ұзамай-ақ ұлы жазушы шығармашылығының нақ осы поэтикалық ерекшеліктерінің әдебиеттің ең басты көркемдік принциптеріне айналуы керектігін шын көңілден мойындады – Чеховтың жазушылық абыройы оның талантына табынушылардың алдында күн сайын биіктей берді. С.Мұратбековтің шығармашылық әлемі Чехов пен Майлинге тікелей еліктемесе де, осы екі кемеңгердің жоғарыда аталған поэтикалық принциптеріне барынша адал болып қалды, сондықтан да оның кейбір туындылары көркем әдебиеттің бүкіл дүние мойындаған үздік стандарттарының дәрежесіне дейін көтеріле алды. Жоғарыда біз бірсыпыра талдау жасаған оның «Басында Үшқараның» баяны – осы сөзіміздің жарқын дәлелі.

Көркем шығарманы шығарма ететін, оның табанын бекітіп, бойын мүсіндейтін поэтикалық құралдар аз емес. Алайда осы құралдарды әркім керегінше және шамасының келгенінше пайдаланады.

Бұл тұрғыдан алғанда, жазушыларды шартты түрде үй салатын ұсталарға теңеуге болады. Айталық, бұл ұсталардың қолдарынан үй салуға қажетті кәсіби машық атаулының бәрі келеді, сонда да болса, олардың бірі кірпіш өруге шеберірек, екіншісі ағаш сүргілеуге, есік-терезе қондыруға құмбыл, ал келесі біреуі сылау, әрлеу, әшекейлеп безендіру жұмыстарына келгенде алдына жан салмайды. Суреткерлер де солай. Айталық, М.Мағауин, С.Мұратбеков, Қ.Мұханбетқалиев, Т.Әбдіков, Б.Нұржекеевтер кейіпкерлерін тікелей іс-әрекет, оқиға үстінде ашып көрсетуге шебер болса, шығармалары философиялық астарға бай Әбіш персонаждарын өзді-өзімен арпалысқан, ішкі психологиялық тартыстар үстінде көрсетуге ұста. Бұл қасиет А.Сүлейменов, О.Бөкеев, шығармаларына да тән. Ал, Д.Исабеков, Т.Нұрмағанбетов, Ж.Түменбаевтардың қаламдары өз тұстарының арасында астарлы юморға байлығымен, сондай-ақ кейіпкердің мінез-құлықтық ерекшеліктерін сомдайтын детальдарды құбылтқыштарымен менмұндалап тұрады. Сонын өзінде де олар бәрібір бір-бірінен әйтеуір бір ерекшеліктерімен өзгешеленбей қала алмайды. Айталық, Тынымбайдың юморға тапқыр, әжуашыл, Жақсылықтікі сыпайы, астарлы, ал Дулаттікі ащы, ащылығы сондай – кейде ол бүтін бір жағымсыз қоғамдық құбылысқа аяусыз үкім шығаратын сарказм дәрежесіне дейін жетіп барып жығылады. Бұл қасиеттер олар өмірге әкелген шығармалардың бүкіл болмысынан – авторлық баяндау мен монологтардан да, диалогтардан да байқалып қалып тұрады.

Диалог дегеннен шығады, кейіпкерлердің мінез-құлқын, психологиялық бітімін ашуда осы диалогтың рөлі әсіресе айрықша. Суреткер дәрежесіне көтерілген жазушы ешқашан персонажларына тікелей авторлық мінездеме беріп, сырттай тон пішіп жатпайды, оларды іс-қимылдары, ойлары, әсіресе, өздерінің іштерінен жарып шыққан лебіздері арқылы танытады. Өйткені адам баласы, жалпы, құлағымен естігеннен гөрі көзімен көргенге көбірек сенеді ғой, шын суреткер бұл жайды ескермей тұра алмайды, сондықтан да ол баяндаудан гөрі суреттеуге көп күш салуға тырысады.

Асылы, ілгеріректе айтып өткеніміздей, қолдан келсе, көркем шығарманы оқып отырғанда автордың менмұндалап әр жерден бір басын қылтита бермегені дұрыс. Осы принципті берік ұстанатын жазушылардың бірі С.Мұратбеков «Жусан иісі» баянының әлкиссасында болашақ кейіпкерлерімен оқырмандарын төмендегіше таныстырады. «Бір-біріне қағаза орап топырақ лақтырып, соғыс ойының ойнап жүрген, үсті-бастары шаң, сондықтан бет-ауыздарынан күлгенде тек ақсиып тістері ғана көрінетін ауыл балаларының қаладан жуырда ғана көшіп келген бейтаныс Аянмен алғаш жүздесетін сәті бұл». «Ойынды тастай сала бәріміз бірдей топырлай жүгіріп, әлгінің қасына келдік. Адам көрмегендей бір-бірімізді кимелеп, қоршалай тұра қалдық. Үстіміздегі киімнің кімдікі қара, кімдікі ақ екенін біліп болмайды, баттасқан шаң-топырақ. Шетімізден ит талағандай алым-жұлым, алқа-салқамыз. «Бұл кімей? Қайдан келген-ей?» – деп, бірімізді-біріміз түртпектей береміз. Өзіне бастан-аяқ шұқшия қарап шықтық. Ол да сынағандай әрқайсымызды бір-бір шолып өтті. Біздің ұсқынсыз түрімізге көңілі толмаған сияқты, шолақ танауын тыржитып қойды. Қоңырқай жүзі тершіп, маңдайындағы біркелкі етіп қиылған кекіл шашын үрлеп тұрды. Кекіліміз жоқ бізге оның сол қылығының өзі кереметтей сүйкімді көрініп, қызыға қарадық.

– Кекілін қара-ей өзінің жаман әліне қарамай, – деп қағытып өтті Есікбай.

Біз күлкіміз келмесе де, оның сөзіне көшемет білдіріп, сықылықтай күлдік. Жаңа келген бала қызарандап, теріс айналып кетті.

– Ә... Мен білдім, – деді Садық мақтана дауыстап. Онан соң әлгі баланың алдын орай өтіп:

– Ей, бала, сендер кеше көшіп келдіңдер ғой, ә? Қоңыр сиырларың бар ғой, ә? – деді.

– Иә, – деді томсырайып тұрған бала оның сөзіне күлімсіреп. – Қоңыр сиырымыз бар.

– Атың кім?

– Аян.

Біз бәріміз тегіс ұмытып қалмайық дегендей. «Аян, Аян»... – деп күбірлесе қайталап қойдық.

– Жүр. Жолдас боламыз, – деді Садық оның аппақ білегінен қапкара қолымен ұстай алып. Аян оның қолына қарады да, қызарандай тұрып, ақырындап білегін босатты.

– Сендер жақ ыстық екен. Суға түспей қалай шыдайсыңдар? – деді.

– Түсеміз. Анау арада тоспа бар.

– Жүр түсейік. Суы – во!... – деп, Садық ауылдың жоғарғы жағындағы шұңқыр тоспаны жерге сыйғызбай мақтай жөнелді.

Аян бізге қосылып, солай қарай жүрді. Ауылға жаңа бір баланың келуі біз үшін нағыз мереке болатын. Әрқайсымыз оның көзіне түсіп қалуға тырысушы едік. Сондықтан бірімізден біріміз артық көрінбек боп, әй, кеп мақтанатынбыз.

– Мен судың астында алпысқа дейін санап жата аламын, – деп бөсті Садық.

– Менің де мынадай ақ көйлегім бар. Үлкен сандықта жатыр, апам кигізбейді, – деді көп үндемейтін Қосым тырнауық та.

Қосым төбелескенде ылғи баж етіп кеп бетті тырнайтын, сондықтан оны тырнауық дейтінбіз, өзінен көп балалар қорқатын. Оған



# ЕСКЕН САМАЛ...

тек Есікбай ғана тік келуші еді. Қазір де ол:

– Өй, кетші әрі, тырнауық мысық. Сенің үйіңде алтын барын да білеміз, – деп ентелеп келе жатқан Қосымды көкіректен итеріп жібереді (159,160)».

Айтатыны жоқ, кейіпкерлерді диалог құдіретінің күшімен бейнелеудің ең жақсы үлгілерінің бірі емес пе?! Автор осы шағын үзіндінің өзімен-ақ персонаждардың әрбірінің тек өздеріне ғана тән психологиялық, мінездік ерекшеліктерін жарқыратып ашып тастайды. Біз, оқырман, кімнің кім екенін жазбай танимыз, өзінің аппақ білегін қапқара қолдарымен ұстай алған Садықтың уысынан босанудың сыпайы жолын тауып ала қойған ақылды, «аристократ» Аян да, «судың астында жатып алпысқа дейін санай алатын» бөспелеу, «плебей» Садық та, «Кекілін қара-ей, өзінің жаман әліне қарамай» деп бейтаныс балаға қарап мұрнын шүйіріп тұрған Есікбай сотқар да, басқа мақтанар ештеңесі болмаған соң жұртты өзінің сандықта жатқан ақ көйлегімен таңдандырмақ болған Қосым да, ауылға келген жаңа қонақпен бірінші болып танысуға ынтыққан, бірақ өйтуге Есікбай мен Садықтан именіп, амалы құрып тұрған қалған қошеметшіл балалар да – бәрі-бәрі бір кездегі есікі таныстарымыздай әп дегеннен көкірегімізді ысытып, көзімізге жылы ұшырап қоя береді. Өйткені олардың ауыздарынан шыққан әрбір лебізі, үніндегі әрбір дірілі бұл кейіпкерлерді аяқ астынан тірілтіп жібереді. Тура кино көріп отырғандаймыз, кино емес-ау, солардың нағыз өміріне де байқамай кояндолтық араласып кеткендейміз. Осының бәрі – диалогтың дуасы, кейіпкер сөзі мен көркем шығармалардағы кейбір ұтымды детальдардың сиқыры. Автор Садық бейнесіне оның өз аузынан шыққан: «Жүр, жолдас боламыз», немесе «Анау арада тоспа бар. Жүр, түсейік. Суы –во!...» деген тәрізді екі-үш сөйлеммен-ақ мол мағына дарытса, Есікбай образы оның: «Әй, кетші әрі, тырнауық мысық. Сенің үйіңде алтын барын да білеміз» деп, Қосымды итеріп жіберуімен-ақ жарқ етіп ашылады.

С.Мұратбеков бұл үзіндіде сондай-ақ детальдарды да шебер ойната білетін суреткер екенін айқын байқатады. Аталған автор базбір жазушылар секілді кейіпкерін басынан бастап қара табаны мен өкшесіне дейін суреттеп әлекке түсіп жатпайды, айтар ойын, суреткер сезімін, берер мінезін сәтімен табылған бірер штрихтар арқылы-ақ жеріне шектеізіп тастайды. Мәселен, ол Аян туралы сөз болғанда. «Ол да сынағандай әркайсымызды бір-бір шолып өтті. Біздің ұқыпсыз түрімізге көңілі толмаған сияқты, шолақ танауын тыржитып қойды. Қоңырқай жүзі тершіп, маңдайындағы біркелкі етіп қиылған кекіл шашын үрлеп тұрды» деген үш-ақ сөйлеммен шектеледі. Алайда осы үш сөйлемге кейбір қаламгерлердің үш бетте айтып жеткізе алмайтын суреті сиып тұр. Неге? Негесі сол – бұл жерде автор Аян образы мен мінезіне ғана тән белгілерді айнытпай дәл ұстаған. Сондықтан да осы образдың талғампаз, «аристократ» сипатына оның жақтырмай танауын тыржитуы, маңдайындағы біркелкі етіп қиылған кекіл шашын үрлеп тұруы кұп үйлесе кетеді. Және тағы да бір айтатын жайт – қаладан келген Аянның повесте суреттелетін басқа ауыл балаларынан ерекшеленіп тұруының басты сыры да сәтті шыққан осы бір детальда жатқандығы.

**Қанат ТІЛЕУХАН,**
**жазушы**

## ЖАБАЙЫ АЛМА ГҮЛДЕГЕНДЕ...

Алтын табақтай күн қақ төбеге кеп тоқтағанда Қоңыр ауылына жеттік. Қар еріп, қара жер жасанып алған. Шөккен ақ бас бурадай Жоңғар Алатауы сонау жерден менмұндалайды. Жасыл масаты кілемнің үстіне жайғасқан қараша ауыл – Қоңыр десе, қоңыр. Жоталы жердегі алқам-салқам жатқан ауыл тыныштық құшағында. Қан базары қайнап жатқан қаладан келген бізге бұл жерде уақыт тоқтап қалғандай әсер етті. Үйлері шетінен салтанатты болмаса да, табиғаты әсем өлкедегі елеусіз ауыл өзінше сұлу, өзінше көрікті.

– Неге жаяу жүрсіңдер?

Алаңсыз ауыл ішін аралап келе жатқан бізді жасы алпыстардан асқан апамыз тоқтатты.

– Амансыз ба? Сайын Мұратбековтің ауылын аралап жүрміз, – дедім жылы шырай танытып.

Апамыз бастапқыда жүзі таныс емес бізге бөтенси қараған.

– Сайын менің ағам ғой. Ол кісі төртсары. Мен де төртсарымын. – Апамыз жайнап сала берді.

– Онда Сайын ағамыздың жабайы алмасына жол көрсетіп жіберіңіз.

Жабайы алма іздеп жүрген жолаушыларға Сайын ағамыздың қарындасы таңырқай қарады.

– Сендер, өзі, кімсіңдер? Жабайы алманы неғылайын деп едіңдер?

Апамыз енді тергей сөйлей бастады.

– Апа, біз жазушының «Жабайы алма» повесін сүйіп оқығанбыз. Соны көргіміз келеді.

– А-а-а. Жабайы алма «Қызыл жұлдызда» ғой. Ағаларың сол «Қызыл жұлдыз» ұжымшарында

Дүкенші апамыздың ұлы – жолбасшымыз, Қызыл жұлдызға шықтық. Біздің көлігіміз Ешкіөлмес тауының етегіндегі жабайы алма бағына баруға жарамайтын болғандықтан, Арайдың тау-тасқа қолайлы көлігіне отырып алдық. Менен бес-алты жас үлкендігі бар Арекең аса сөзуар болмаса да, тым қаражаяу емес екен.

– Жас күнімізде Ешкіөлместің етегінде талай шөп шаптық. Жабайы алманы көктей жұлып жей беретінбіз. Үйден тұз алып шығамыз да, тұзға батырып жеймізкеп. Орыстың «Газ-53» деген машинасымен шөп тартамыз. Ол құрғыр қырсыққанда өрге жүрмей қояды. Тормызы ұстамай қоятын ауруы тағы бар. Екі бүктетіліп екі аяқпен қатар-қатар тормоз басып отырғанның. Күні бойы талғажау ететінің – жабайы алма. Жабайы алманың дәмі ерекше. Қанша алма жедім. Бірақ біздің алманың дәмі өзгеше, – деп бастады әңгімесін Арай.

– Таудың аты неге Ешкіөлмес?

Әріптестерім Ербол мен Ғалмұрат сұрақтарын жарыса қойды.

– Ешкіөлмес – Күреңбелдің күнгейі ғой. Қазан төңкерісіне дейін бұл жерде қоныстанған матай руы қыста малын Молалының құмына айдаған. Бұл жақта қыс мезгілінде қар қалың түседі. Ұзақ жатып алатыны да бар. Содан бір бай құмға көшіп бара жатқанда бұршақ жауып, арты қар аралас жаңбырға ұласады. Ешкі терісі жұқа, әмбе тынымсыз мал ғой. Ықтасын іздеп жүрмей қояды. Мазасы кеткен малшылар сексек атаның төлін тастап кетіпті.

туған. Мына ауылдан ұзаса төртбес шақырым жерде. Кейін ұсақ ұжымшарларды бір совхозға айналдырып, Қоңыр үлкен ауылға айналды. Әкесі Сапарғали содан осы жаққа көшіп келген. Мен сендерді апарар ем. Бірақ дүкенімді тастап кете алмаймын. Осы ауылда жол бастайтын біреу табылар. Артымнан жүріңдер.

Апамыздың соңынан жүріп отырып ауылдың кішкентай ғана дүкеніне келдік.

– Мына тұрған балабақшаның орнында ағаларыңның үйі болған, – деді әлгі кісі дүкеніне кіріп бара жатып.

Есіме лезде «Жусан иісі» әңгімесіндегі Аян түсті. Аяғын сылтып қана басатын ертегіші бала. Түн ортасында жападан жалғыз шана тебетін мұңлық бала. Қазақ әдебиетіне оқырман жадында мәңгі қалатын бала образын қалдырған жазушының үйінің орнында балабақшаның тұрғаны заңдылық сияқты. Бірақ қаламгердің өз үйі музейге айналып, Сайын ауылына сапарлап келген мейман ат басын тірейтін меймандос шаңырақ қарсы алғанда керемет болар еді ғой!..

Келер жылы жайлауға қайта оралғанда қылыш мүйіз серке бастаған ешкілер аман-есен өз отарларына қосылған. Қақаған қыста ешкілерге пана болған тауды халық содан бері «Ешкіөлмес» атап кетіпті.

Арай әңгімесін аяқтағанда Ешкіөлместің етегіндегі жабайы алма бағына келдік. Ертегі әлеміндегі иран бағындай жерақ екен. Сайынның жабайы алмалары гүлдеп тұр. Гүлі – ақ, қызғылтым, күлгін. Қолдан өсірген алма ағашының гүліне ұқсамайды. Әттең, түр-түсі мен сұлулығын суреттеуге тіл жұтаң. Алма ғана емес, қаншама өсімдігі бар бақ, бір ғаламат жұпар иіс аңқып-ақ тұр. Бұл бақ Нәзира мен Тоқтардың махаббатына куә ғой. Қара қаншық Көкінай жылда күшіктейтін дәу алма ағаш қайда екен? «Көкінай! Көкінай! Кә! Кә!» деп, бала Сайындай айқайлағым келіп кетті. Бәлкім, бір ағаштың түбінде желқуйын тазының ұрпағы жатқан шығар. Әсершіл басым осылай қиялға беріле бердім, беріле бердім.

Алматыға алғаш келген жылдары Жазушылар одағына жиі баратынбыз. Ауылда кітаптарын сүйіп оқыған авторларымызды іздейміз. Бір ананың баласындай Тұмағаң мен Қадағаң жарасып жүретін. Шашы желбіреген Әбдіраштың Жарасқанын алыстан көргеннің өзі бір бақыт. Шіркін, ақын болғанда осылай желкеге түсіріп шаш қояр едік дейтінбіз. Қысқасы, қазір Кеңсайға аттанып кеткен небір классиктерді сырттай тамашалаймыз. Анда-санда бір қолымен таяғына, бір қолымен жазушы Талаптан Ахметжанға сүйеніп алған қарт партизан Қасым Қайсеновті көреміз. Жасықтық шығар, ақсақалға сәлем беруге біртүрлі ыңғайсызданатынбыз. Студенттік өмірдің төрт жылында да Жазушылар одағына жиі-жиі келіп жүрдік. Бірақ бірде-бір рет Сайын ағамызға кезікпеппіз.

Оқуды аяқтап, Қазақ радиосына жұмысқа тұрғанда бала кезімізден сүйіп оқыған жазушымызды шындап іздей бастадым. Радиода күнделікті шығатын «Таңжарық» бағдарламасына әзірлейтін «Балалық шаққа саяхат» деген бес минуттық айдарым болатын. Соған қанша сұхбат алмақ болғаныммен, реті келмеді. Жазушы қатты ауырып жүр екен. Кездесуге келісім бергенімен, келе алмай қалды. Редакцияға өзі қоңырау соғып, үлкен басымен кешірім сұрағандай болып еді. «Айналайын, балам. Кездесеміз деген жерге кеше келе алмадым. Ауырыңқырап қалдым. Сәті түскенде жолығармыз», – деп еді. Сәті түспеді.

Жабайы алма жайлаған бөктерді қимай-қимай кетіп барамыз. Мұратбек ақсақалдың ескі жұртына аз уақытта бауыр басып кеткендейміз. Ішкі ойымызды оқып қойған Арай:

– Сендерге тамыздың соңында келу керек. Сол кезде алма піседі, – деді.

Тамыздың соңы. Оған дейін қаншама уақыт бар. Бұл жолғы тамыз айы кешеуілдеп келетін сияқты. Бұл көктем өтпей қоятын сияқты. Ал біз жабайы алманың дәмін тез татқымыз кеп тұр.

Жазушының атақты повесінде жабайы алманың түсі – ақ. Дәмі қышқылтым. Қымыздың иісі аңқып тұратындығымен ерекше деп суреттейді. Меніңше, жазушының аузында піспеген алманың дәмі өмір бақи қалған сияқты. Соны ақ қағазға таңбалаған болар. Әйтпесе Сайынның жабайы алмасы шекер мен балдан да тәтті сияқты.

# ПОРТРЕТ ЛИДЕРА В ИНТЕРЬЕРЕ

# МАЛОИЗВЕСТНЫЕ ФАКТЫ ИЗ ЖИЗНИ

*Как горновой мастер стал главой государства и при этом оставался таким же, каким знали его друзья в молодые годы: человеком широкой души, открытого и доброго нрава. Об этом рассказал kzaif.kz.*

**Как хочется избежать привычных уже журналистских штампов – вроде «человек эпохи» или «этапы большого пути», – когда речь идет о выдающемся политическом лидере современности. А именно таковым является Нурсултан Назарбаев, герой нашего повествования. Человек даже не одной эпохи, а как минимум двух: эпохи советской и эпохи независимости Казахстана.**

**Но как тут избежать, когда и в самом деле жизнь Назарбаева состоит из ярких, крутых и во многих смыслах показательных этапов не только в процессе восхождения на высший государственный пост, но и формирования его как политика мирового масштаба, признанного лидера нации, прозорливого стратега?**

**Однако мы попытались рассказать об эпизодах жизни Нурсултана Абишевича, чей 80-летний юбилей все мы готовимся отметить, что называется, вне сложившихся стереотипов и выделить из всего многообразия его богатого на события жизненного пути то, что нам ближе всего, – нам хотелось, чтобы читатели больше узнали о Назарбаеве как о личности, как о человеке.**

### КАК НАЗАРБАЕВ ПРИГЛАШАЛ ДЕВУШЕК В ТЕМИРТАУ

27 февраля 1962 года можно официально считать днем, когда Нурсултан Назарбаев стартовал в большой политике. Яркого рабочего парня из Темиртау выдвинули делегатом X съезда комсомола республики, который проходил в академическом театре оперы и балета в Алма-Ате. Молодой металлург вышел на трибуну и без бумажки нагора выдал 10-минутный экспромт.

Впечатляющее, неординарное выступление не оставило равнодушными делегатов съезда ЛКСМ КазССР. Он эмоционально рассказывал о культурно-бытовых проблемах на казахстанской Магнитке, об отсутствии в городе кинотеатра, нехватке товаров первой необходимости, об элементарных и всем понятных бытовых проблемах. И потребовал ускорить строительство завода-ВТУЗа.

В конце своей пылкой речи Нурсултан Назарбаев подчеркнул, что на крупнейшем в Средней Азии металлургическом предприятии трудятся тысячи молодых, физически крепких, а самое главное – холостых парней. Прямо обозначив большой недостаток представительниц прекрасного пола. Он обратился с призывом к девушкам смелее ехать в Темиртау. Сейчас это назвали бы призывом «гармонизировать гендерную политику в регионе»... «Под бурные аплодисменты Назарбаев передает президиуму съезда подарок – первый казахстанский чугун, первый казахстанский кокс, первый казахстанский каучук», – прозвучало в отчете Казахского телеграфного агентства (КазТАГ) о работе X съезда комсомола в Алма-Ате.

Самое главное, что пламенную речь 22-летнего сталевара услышал секретарь ЦК Компартии Казахстана Нурымбек Жандильдин. Он приказал профильным министрам дать объяснения и принять соответствующие меры. Что касается Нурсултана Назарбаева, то в тот же день его избрали в состав ЦКЛКСМ КазССР и делегировали на очередной съезд ВЛКСМ в Москву.

Вскоре в главной партийной газете республики «Казахстанская правда» на первой полосе опубликовали фотоочерк о смелом комсомольце из Темиртау под заголовком: «Нурсултан – рабочий человек».

### ВЫХОД НА КОСМИЧЕСКУЮ ОРБИТУ

16 апреля 1962 года XIV съезд Всесоюзного Ленинского коммунистического союза молодежи впервые прошел в стенах Кремлевского дворца съездов. В историческом форуме приняли участие почти четыре тысячи делегатов со всего СССР. Главными героями съезда ВЛКСМ стали два космонавта. Во время открытия эпохального мероприятия Знамя комсомола в зал внес Герой Советского Союза Юрий Гагарин. В качестве его ассистентов выступали украинский шахтер Кузьма Северинов и узбекский хлопкороб Турсуна Ахунова. Затем с приветственным словом к комсомольцам обратился самый молодой в мировой истории космонавт Герман Титов.

«По широкому дворцовому проходу, чеканя по-военному шаг, крепко, по-богатырски охватив древко знамени, шел наш сверстник и современник, первый летчик-космонавт, Герой Советского Союза Юрий Гагарин. Он шел, а мы стояли и горячо, до боли в ладонях, хлопали ему», – рассказывал в интервью журналисту газеты «Актюбинский вестник» делегат съезда Укетай Байжомартов.

После официального окончания съезда знаменитых уже легендарных космонавтов обступили делегаты. Каждый норовил с ними сфотографироваться или взять автограф. Казахстанцам также удалось сделать снимок с Юрием Гагариным, который потом опубликовали почти все республиканские СМИ.

«Мы с Нурсултаном Назарбаевым сидели в первых рядах, – вспоминал Укетай Байжомартов. – Он оборачивается ко мне и то ли в шутку, то ли всерьез говорит: «Укетай, можешь предложить Юрию Гагарину сфотографироваться с нами?». Космонавт в это время позировал перед объективами с делегатами из Белоруссии. Они окружили его плотным кольцом, не подступишься. Я немного выждал, и когда народ отхлынул, подошел к Гагарину поближе и громко сказал: «Юра, ты поднялся в космос с казахстанской земли, с Байконура, и, думаю, наша земля так же дорога тебе, как и нам. Казахстанцы приглашают тебя сфотографироваться с нами». «Конечно, где вы находитесь?» – спросил он и последовал за мной к нашей делегации».

Спустя несколько месяцев пути первого космонавта Земли и успешного металлурга Казахстана вновь пересеклись. Они вошли в состав советской делегации, которая участвовала в VIII Всемирном фестивале молодежи и студентов в Финляндии. В биографическом фильме «Путь лидера», посвященного жизненному пути первого президента РК, есть интересный эпизод: Гагарин и Назарбаев встретились на трансатлантическом лайнере «Грузия», в котором в Хельсинки проживала делегация СССР. И даже выпили немного итальянского вина. Правда это или художественный вымысел, официальная история умалчивает.

### АРГУМЕНТЫ – НА ЛАДОНЯХ

В Хельсинки для участия в VIII Всемирном фестивале молодежи и студентов отправилась советская делегация в составе 700 человек. Помимо Юрия Гагарина СССР на масштабном мероприятии представляло немало известных личностей.

Например, от РСФСР в Финляндию отправился поэт Евгений Евтушенко, от Азербайджана – великий певец советской эпохи Муслим Магомаев... От Казахской ССР в столицу Финляндии этой чести удостоились десять делегатов. Среди них – первый в истории Казахстана чемпион СССР по вольной борьбе Амангельды Габсаттаров и темиртауский металлург Нурсултан Назарбаев. До Хельсинки через всю огромную страну они добирались на поезде. Уже в Финляндии поселились на лайнере «Грузия» вместе с остальными посланцами СССР.



Молодые, полные сил и энергии ребята ежедневно участвовали во множестве встреч со сверстниками. Одна из них особенно запомнилась горновому из Казахстана. Представители СССР провели диспут со студентами Бруклинского университета.

«Одна из девушек, звали ее Кариной Лагодо, допытывалась у меня: «Ты, наверное, сын какого-нибудь крупного коммуниста, если попал на этот фестиваль?» – писал в автобиографической книге «Без правых и левых» Нурсултан Назарбаев. – Пришлось прибегнуть к испытанному средству и показать свои ладони, покрытые толстым мозолистым слоем. И она своими изящными, ухоженными пальчиками с удивлением трогала жесткие желтые бугры».

Затем у молодого казахстанского металлурга случилась настоящая словесная дуэль. На сей раз – с корреспондентом из капиталистической страны. Назойливый журналист доставал Назарбаева провокационными вопросами: «Сколько стоит костюм, который на вас? Хватает ли вам зарплаты на жизнь? Вы бедный или богатый?».

По воспоминаниям свидетелей, в тот момент в зале застыла тишина. «Мой костюм стоит впятеро дороже вашего, – ответил Назарбаев. – В нашей стране людей не делят на бедных и богатых, белых и черных. А что касается моей зарплаты, ее хватает на жизнь, учебу и заботу о родителях». Присутствующие зааплодировали его ответу.



*Нурсултан Назарбаев произвел на столичных кураторов очень благоприятное впечатление.*

### ЕДВА НЕ СТАЛ «ГРАФОМ ОРЛОВЫМ»

15 ноября 1962 года передовики производства выдвинули кандидатуру Нурсултана Назарбаева в члены КПСС.

«Мне объяснили, что в течение года за мной будут наблюдать, – рассказывал будущий президент. – Если за это время я покажу себя хорошим рабочим, не попаду в милицию, не буду слишком много пить, не будет у меня неприятностей с девушками, то по окончании срока меня изберут в члены партии».

Нурсултан Назарбаев мог считаться идеальным кандидатом в члены КПСС: передовик производства, молодежный лидер, активный комсомолец... Но, по воспоминаниям друзей, в его образцовой трудовой биографии все-таки был один пробел. Молодого, статного горнового... очень любили девушки.

«В те годы он был большим романтиком, – вспоминал в разговоре с британским биографом Джонатаном Айткеном сосед Назарбаева по комнате в общежитии Кабидолла Сарекенов. – У него была большая любовь с красавицей-гимнасткой из Украины Людмилой Керениш и еще более красивой, высокой русской официанткой по фамилии Орлова, работавшей в столовой. Мы даже шутили, будто Нурсултан собирается стать графом Орловым. Женщины просто бросались на него».

Но будущий президент оказался человеком морально устойчивым и во всех отношениях достойным. Испытательный срок продлился всего три месяца. 14 февраля 1963 года Нурсултану Назарбаеву вручили партийный билет №11054052 (впоследствии №02637097). Его он сохранит вплоть до распада СССР.

### ПОШЕЛ ВА-БАНК И СНОВА ВЫИГРАЛ

Осень 1973 года стала ключевой в карьере Нурсултана Назарбаева. Его избрали секретарем парткома сталелитейного завода. В те годы Карметкомбинат входил в число индустриальных гигантов союзного значения. На производстве трудились 40 тысяч специалистов, из них около трех тысяч – члены КПСС.

К тому времени на крупнейшем в Центральной Азии сталелитейном заводе накопился ворох производственных, а также социально-бытовых проблем, которые могли решить только в высоких кабинетах в Москве. В столице Союза не спешили обращать внимание на казахстанскую окраину. Тогда Нурсултан Назарбаев отважился на рискованный шаг.

29 декабря 1976 года в главном партийном органе КПСС, цен-

# ДВУХ ЭПОХ. Н. НАЗАРБАЕВА


На XVI съезде Компартии Казахстана в Алма-Ате. 1986 год

тральной газете «Правда», вышла резко критическая статья «Причислен к отстающим», написанная специальным корреспондентом Михаилом Полтораниным в соавторстве с Нурсултаном Назарбаевым. В газетной передовице детально раскрывались недостатки гигантского проекта и ошибки в строительстве, которые послужили причиной падения темпов производства. Статья произвела эффект разорвавшейся бомбы. В Темиртау приехала представительная комиссия из Москвы. В нее вошли около 50 партийных чиновников. Возглавлял делегацию секретарь ЦК КПСС Владимир Долгих.

«Ну, думаю, наверняка будут снимать с работы, – вспоминал спустя годы Нурсултан Назарбаев. – Впрочем, особенно не волновался: вернусь в цех, не пропаду».

Однако несколько месяцев спустя по итогам работы специальной комиссии был опубликован подробный отчет «Об усилиях комитета партии Карагандинского сталелитейного завода по укреплению и созданию сплоченного коллектива». Работу Назарбаева признали удовлетворительной, а все негативные моменты списали на «недочеты центра по планированию и недостаток капитальных вложений».

### КАК «ПРАВДА» ДО КРЕМЛЯ ДОВЕЛА

На этом история с газетной публикацией не закончилась. Когда специальная комиссия завершила свою работу, казахстанскую делегацию вызвали «на ковер» в Кремль. В состав республиканской делегации вошел и Нурсултан Назарбаев. Сразу же по прибытии в Москву его вызвал к себе в кабинет один из самых влиятельных партийных функционеров того времени Михаил Суслов, считавшийся вторым человеком в партии и серым кардиналом КПСС.

«Что за чертовщина! – рассказывал Нурсултан Назарбаев британскому биографу Джонатану Айткену. – Суслов – бог в Советском Союзе, он на небесах. Зачем я ему понадобился?»

При встрече 72-летний «кремлевский старец» попросил молодого партийного работника из Казахстана показать на висевшей в кабинете огромной карте СССР город Темиртау.

«Это была любимая фишка Суслова, – писал Николай Зенькович в книге «Имя, ставшее эпохой». – Некоторые визитеры, услышав такие слова, объясняли их некомпетентностью хозяина кабинета, который, мол, даже не знал, где находится регион, откуда они прибыли. На самом деле Суслов преследовал иную цель. Если посетитель сразу находил на карте свой город, значит, знал его место в экономике страны».


Удостоверение председателя Совета министров

«Я подошел к висевшей на стене большой карте Советского Союза, – вспоминал Назарбаев события тех дней в книге «Без правых и левых». – Вот здесь, Михаил Андреевич, находится. Вот Казахстан, вот Караганда, а рядом, в ковыльной степи, построили гигант черной металлургии страны, после военный стратегический объект».

Видимо, молодой политик приглянулся Михаилу Суслову. Опытнейший советский функционер со знанием дела посоветовал Нурсултану Назарбаеву, на что именно сделать акцент в своем докладе на предстоящем заседании ЦК. В итоге речь гостя из Темиртау получилась жесткой.

«Суслов предложил задавать вопросы различным чиновникам и министрам, которые подверглись критике, – продолжал Назарбаев. – Те сбивчиво говорили, будучи не в состоянии дать убедительный ответ. В конце концов Суслов пришел в бешенство. «Вы растратили деньги Советского Союза! – заявил он министру промышленности. – Вы превратили крупный государственный проект в шарашкину контору».

По итогам заседания в Москве Нурсултан Назарбаев приобрел влиятельного покровителя в Кремле, а Совету министров СССР было поручено принять постановление по улучшению культурно-бытовых условий металлургов казахстанской Магнитки.


Пожар на скважине 37 на Тенгизе

### ЕМУ ПРЕДСКАЗАЛИ «БОРЬБУ И НАТИСК»

22 марта 1984 года 43-летний Нурсултан Назарбаев стал самым молодым премьер-министром союзной республики в истории СССР. Первым делом он отправился в Москву для представления новому генеральному секретарю ЦК КПСС Константину Черненко. Но организовать аудиенцию с тяжелобольным генсеком оказалось делом не простым. В ожидании знакомства с ним гость из Казахстана трижды прилетал в столицу СССР и по несколько дней безвылазно сидел в гостинице.

«К этой встрече я тщательно готовился, старался, чтобы не ударить в грязь лицом, предусмотреть все возможные вопросы по состоянию дел в республике, – писал Нурсултан Назарбаев в автобиографической книге «Без правых и левых». – Встреча состоялась лишь с третьей попытки. Когда вошли в кабинет, Константин Устинович сидел за своим столом утомленный, с совершенно отсутствующим взглядом. Вид у него был очень болезненный – сам весь седой, и на лице ни кровинки. Вяло протянул руку».

Константин Черненко страдал одышкой, ему трудно было говорить. Поэтому встреча продлилась всего несколько минут, после чего ее пришлось прервать из-за плохого самочувствия генсека. Как потом вспоминал Нурсултан Назарбаев, аудиенция произвела на него гнетущее впечатление. Там же, в Кремле, Нурсултан Назарбаев познакомился с Михаилом Горбачевым, на тот момент занимавшим пост председателя Президиума Верховного Совета СССР.

«Долгим и обстоятельным был тогда разговор, – делился впечатлениями первый президент Казахстана. – Михаил Сергеевич сказал, что ему нравится мой жизненный путь, моя постановка многих вопросов. А после этого спросил: «Так как ты считаешь, есть у тебя хребет?». Я не сразу понял, что он имеет в виду. «Предстоят тяжелые времена, – пояснил он. – Будет натиск, будет борьба. Нелегко придется».

### ПРЕДОТВРАТИЛ АТОМНЫЙ ВЗРЫВ НА ТЕНГИЗЕ

На новом посту Нурсултану Назарбаеву почти сразу пришлось пройти первую «проверку на прочность». 25 июня 1985 года в Казахстане случился настоящий нефтяной апокалипсис. В Гурьевской области на месторождении Тенгиз на скважине №37 произошла техногенная катастрофа: на глубине 4467 метров произошел сбой, и в небо ударил гигантский фонтан нефти и газа высотой в 300 метров! Через несколько часов начался пожар небывалой силы. В эпицентре огненного ада температура достигала полутора тысяч градусов по Цельсию.

«Огонь пожирал все: тонны воды, металла, техника плавилась как пластмасса, – приводили слова очевидцев казахстанские СМИ. – Периодически с неба падала жареная дичь: это гибли стаи перелетных птиц, привлеченные огнем...»

По подсчетам академика Мафтаха Диарова, в результате аварии на Тенгизе в атмосферу произошел выброс 3,4 миллиона тонн нефти, 1,7 миллиарда кубометров горючих газов, 850 тонн меркаптанов и 900 тысяч тонн сажи. Заболеваемость населения в Гурьевской области выросла почти вдвое. Борьба со стихией продолжалась почти 400 дней.

«В один из моментов развития драмы заместитель министра из Москвы предложил подавить горящий нефтяной фонтан атомным взрывом, – привел любопытный факт в книге «Нурсултан Назарбаев и созидание Казахстана» английский биограф Джонатан Айткен. – Премьер-министр КазССР решительно воспротивился на том основании, что это вызовет выпадение радиоактивных осадков, которые накроют селения всего региона. В конце концов он выиграл этот спор».

По совету Нурсултана Назарбаева на Тенгиз пригласили американского специалиста Реда Адера, имевшего опыт работы в подобных условиях. Нефтяник из Техаса со своей бригадой сумел пробурить альтернативные скважины и закачал в них тяжелые химические растворы, в результате чего пожар прекратился.

После гигантского пожара Нурсултан Назарбаев защитил в Москве значительный бюджет по восстановлению региона. При содействии стабилизационного фонда в области построили более 2000 км новых дорог, а рядом с крупными городами и промышленными центрами возвели аэропорты с длинными взлетно-посадочными полосами.

«Впервые в своей истории мы построили солидную сеть автомобильных и воздушных путей, – рассказывал казахстанским СМИ министр транспорта КазССР (1981-1992 гг.) Шамиль Бекболатов. – Наша огромная страна сильно нуждалась в ней, но Назарбаев оказался первым политическим деятелем, который сумел ее создать».

**Иван РЕЗВАНЦЕВ**


По дороге в Хельсинки.

# РК: МОГУТ ЛИ БАНКИ ВЫВЕСТИ ИЗ КРИЗИСА COVID-19?

**Банковская система и реальный сектор экономики, как сообщающиеся сосуды, тесно связаны и зависят друг от друга. От степени их взаимовыгодного сотрудничества напрямую зависит развитие страны. Надо иметь в виду, что кризис в отраслях экономики может обострить проблемы у заемщиков, что в свою очередь может вызвать и кризис в банковском секторе.**




## СНИЖЕНИЕ КРЕДИТОВАНИЯ ЭКОНОМИКИ – ТРЕВОЖНЫЙ ТРЕНД

«На протяжении последнего десятилетия снижается доля банковского сектора в ВВП, не растет и уровень кредитования экономики.



Если же посмотреть на кредитование реального сектора экономики, оценивая банковский сектор в целом, можно увидеть, что в последние два года совокупный портфель по МСБ и корпоративным клиентам даже снижается. Позитив сохраняется только за счет розничных кредитов. Снижение кредитования реального сектора экономики в последние несколько лет – это достаточно тревожный тренд». Так оценила ситуацию в начале 2020 года Умут Шаяхметова, председатель правления Halyk Bank.

Снижение кредитования реального сектора экономики должно вызывать тревогу не только у банкиров – это серьезный сигнал и для правительства. Правительство должно выработать системный подход для решения экономической проблемы, предоставить налоговые преференции для банковского кредитования экономики, определенные льготы, совершенствовать законодательную основу для привлечения кредитов и инвестиции в реальный сектор экономики.

Понятно, что в экономике – кризисные явления, особенно в сельском хозяйстве, отягощенные в этом году засухой в отдельных регионах, и в целом год обещает быть сложным и трудным.

И в такой ситуации банки не хотят рисковать и кредитовать – экономика нестабильная и нет гарантии успешного выхода из кризиса. Однако если банки не будут кредитовать, то не будет и развития экономики – немало предприятий малого, среднего и крупного бизнеса держатся на кредитных средствах. А если люди останутся без работы и дохода, то это отразится на их возможности обслуживать займы, не смогут закрыть те же потребительские кредиты или брать новые кредиты – это палка о двух концах.

Поэтому кредитование экономики нужно в любом случае. И банки, и правительство должны досконально изучить не только местный опыт, но и зарубежный, чтобы найти оптимальные пути выхода из кризиса, в том числе в условиях COVID-19.

По этой причине в Казахстане банкам надо кредитовать производство, сельское хозяйство, чтобы у людей была работа, которая и даст возможность вернуть взятый ранее кредит или взять новый кредит.

К тому же Казахстан имел печальный опыт несколько лет тому назад, когда банки перестали кредитование. В итоге ухудшились экономические показатели: снизились спрос и продажи, а многие компании испытали большие трудности из-за отсутствия кредитных ресурсов, что негативно отразилось на их работе.

Некоторые банки, чтобы не кредитовать производство, средний и крупный бизнес, перешли на потребительские кредиты с их высокими процентами для населения, однако и там свои риски – невозвратные кредиты, несостоявшиеся заемщики и хронические должники.



## ЯРМАРКА ТЩЕСЛАВИЯ: УЖЕ КОНЯ БЕРУТ В КРЕДИТ!

Из-за доступности потребительских кредитов, нередко без должной проверки платежеспособности клиентов, в у нас распространилось неизвестное ранее явление: берут несколько кредитов и потом выплачивают по несколько лет. Взять новый кредит для погашения предыдущего – это тоже нередкое явление. Если в народной песне поется о том, что казах зарежет ради гостя последнего коня, то ныне этого коня уже берут в кредит.

Стали чаще брать кредиты на проведение свадеб и похорон. Неудивительно, что большая часть граждан, не сумевших возвратить кредит, – это те, которые провели различные мероприятия с большим количеством гостей.

Некоторые расплачиваются уже после развода; после семейной трагедий и похорон нередко приходят долги. Ведь человека в кабалу долгов вгоняет пресловутый менталитет: чем ты хуже других, проведи достойные похороны для отца или свадьбу для сына!

Расходы на свадьбу сравнимы с целым состоянием. Население в сельской местности зарабатывает немного. С таким трудом заработанные средства можно было бы направить на инвестирование в свое благосостояние: на покупку скота, сельскохозяйственной техники, образование детей и т.д. Однако они уходят в гостеприимство, как в песок: даже в аулах жених и невеста приезжают на арендованных лимузинах!

Пышные свадьбы и похороны не вытекают из традиционного гостеприимства, которое было необходимо для выживания в степи. Они являются скорее признаком невысокой экономической грамотности, своеобразного самоутверждения в глазах родных, близких, знакомых.

Однако необходимо переломить эту тенденцию и направить ее в русло реальной народной экономии, бережливости и благотворительности. Например, представители корейской диаспоры вместо свадьбы дарят молодоженам квартиру. И со школьной скамьи необходимо учить молодежь предпринимательству с тем, чтобы она стремилась открывать какое-то дело, производить какой-то продукт и т.д.

Для сравнения: европеец с достатком в развитой стране (например, в Германии) не живет в двухэтажном особняке, ездит на малолитражке, а не на «вездеходе», свободные деньги вкладывает в акции предприятий, банки, действующий бизнес, обучение детей, самообразование, туризм, лечение либо направит на благотворительность.

К тому же потребительские кредиты развивают очередной «пузырь», чрезмерный рост которого негативно влияет и на отдельные семьи, и на социум в целом – это нездоровая «кредитная кабала» разрушает семьи. По этой причине кредитная политика банков с населением должна перейти в цивилизованное русло.

В свое время высокие темпы потребительского кредитования заставили Национальный банк принять превентивные меры, чтобы не допустить надувания очередного «пузыря» на кредитном рынке.

## КАК ПРЕОДОЛЕТЬ КРИЗИС COVID-19

Конечно, правительство не может заставить частные банки выделять кредиты для производства, но может создать соответствующие условия и, возможно, принять законы для «вхождения» банков в производство, сельское хозяйство и т.д. Очень важно, чтобы местные власти, банкиры, бизнесмены создавали деловую, инвестиционную среду для появления и развития новых предпринимательских, производственных проектов.

Однако, как отметила Умут Шаяхметова, «деловая активность предпринимателей упала. Мы это видим на примере Halyk Bank, который является самым большим банком в Казахстане, кредитующим экономику. Да, у нас прирост кредитного портфеля МСБ, но он связан не столько с займами на новые проекты, сколько с рефинансированием заемщиков из других банков, которое происходит по разным причинам – из-за низкой ликвидности других банков либо более низких ставок, которые может предложить Халык».

А ведь банки и предприятия могли бы тесно работать как партнеры по определенным проектам, объектам и по примеру исламских банков делить между собой прибыль и доходы. В такой ситуации банки не ограничились бы только выдачей кредитов, а просчитывали бы всевозможные риски, логистику и т.д., несли бы ответственность за конечный результат работы, что способствовало бы развитию предпринимательства.

Такой подход подготовил бы основу для развития социальной составляющей банковской системы, основу для программы по финансированию отдельных отраслей народного хозяйства, действительно нуждающихся в финансировании.

Преградой для социально ориентированной деятельности банков является старая проблема: банки избегают долгосрочного кредитования. Например, самый высокий риск в кредитном портфеле банков связан с сельским хозяйством.

Финансовый консультант Расул Рысмамбетов объяснил в свое время, что в группе риска находятся банки, которые активно выдавали долгосрочные кредиты: «В группе риска финансовые институты, которые активно выдавали долгосрочные кредиты под строительство, недропользование, сельское хозяйство компаниям, связанным с акционерами банков. Так как эти компании принадлежат акционерам банков – залоги, которые они предоставили, как правило, недостаточные, а провизии созданы недостаточные. То есть если завтра эти компании не смогут завершить стройку, запустить шахту или продать зерно по нормальной цене – эти кредиты превратятся в NPL, как в сказке про Золушку – карета превратилась в тыкву, а кучер – в крысу».

Чтобы разрешить экономические риски банков, необходима государственная программа. Ведь долгосрочные кредиты нужны не только фермерам, но и строителям, недропользователям, производственникам и т.д. Не говоря о том, что долгосрочные кредиты являются признаком и залогом стабильно развивающей экономики.

Необходимо преломить эту тревожную для экономики и страны тенденцию, когда банки, которые не вкладываются в реальную экономику, имеют больше прибыли и шансов для роста и процветания, чем «производственные» банки.

В этом плане пригодился бы опыт Халык Банка, который раньше активно кредитовал сельское хозяйство. В настоящее время из-за больших проблем в сельском хозяйстве его основное финансирование идет через государственные программы, а Халык Банк кредитует лишь небольшое количество лучших хозяйств. И совместными усилиями правительства, банков и хозяйств необходимо увеличивать их количество.

Поддержка корпоративных клиентов, устойчивое развитие посредством повышения корпоративной социальной ответственности, цифровые онлайн-сервисы, финансирование прорывных инноваций, уникальные способы зарабатывать в условиях рынка низких процентных ставок и другие инструменты позволят нашим банкам выстроить новую, социально ответственную модель банковской системы. Это позитивный тренд с учетом того, что корпоративный банковский бизнес считается барометром здоровья финансовой системы в Казахстане.

И правительство, финансовый регулятор должны поддерживать те банки, которые кредитовали и будут кредитовать важные отрасли народного хозяйства. А банки, в свою очередь, должны адаптироваться к таким требованиям для развития экономики, повышать уровень квалификации банковских менеджеров.

Пока мы сами не начнем развивать свой маленький бизнес, производить элементарные вещи, а банки не будут кредитовать производство, сельское хозяйство, наш внешний долг и задолженность граждан перед банками будут только увеличиваться, все теснее сжимая в тисках будущее страны. Банки реально способны вывести страну из кризиса COVID-19.



**Дастан ЕЛДЕС**



# ТАНЫМАЛ РЕЖИССЕР САТЫБАЛДЫ НАРЫМБЕТОВ ӨМІРДЕН ОЗДЫ

Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, КСРО Кинематографистер одағының, ҚР Кинематографистер одағының, ҚР Жазушылар одағының мүшесі, кинорежиссер, сценарист, кинодраматург, жазушы Сатыбалды Нарымбетов жетпіс алты жасқа қараған шағында дүниеден өтті. Өзі өнер саласында еңбек еткен елу жылдан астам уақыт ішінде Сатыбалды Жәлелұлы отандық кинематография саласының дамуына баға жетпес үлес қосқан еді.

Сатыбалды Нарымбетов 1946 жылы 7 наурызда Түркістан облысы, Түркістан ауданы, Ащысай ауылында туған. Мәскеу қаласындағы мемлекеттік Кинематография институтын бітірген. 1984 жылы жоғары режиссерлік курсты (Г.Н.Данелияның шеберханасы бойынша) тәмәмдаған. 1969 жылдан «Қазақфильм» студиясында сценарист әрі кинорежиссер ретінде қызмет етті. 1970 жылдан – «Қазақфильм» киностудиясының кинорежиссері болды.

Ал 2005 жылдан бері Шәкен Айманов атындағы «Қазақфильм» АҚ «Дебют» бірлестігінің жетекшісі болып еңбек еткен-ді.

Ол «Құрманғазы» атты деректі фильмге (1972 жылы), «Зауал» (1981 жылы), «Күзгі бұралаң жол» (1984 жылы) қысқа метражды фильмдерге, «Ұрын келген күйеу» (1987 жылы), «Созақтан шыққан Гамлет» (1990 жылы), «Көзімнің қарасы», «Жас аккордеоншының өмірбаяны» (1994 жылы), «Омпа» (1998 жылы), сонымен бірге бертінде «Қызжылаған», «Мұстафа Шоқай» және тағы басқа көркем фильмдерге режиссерлік еткен.

## МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ КӨҢІЛ АЙТТЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев көрнекті кинорежиссер, жазушы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Мемлекеттік сыйлықтың иегері Сатыбалды Нарымбетовтің отбасы мен жақын туыстарына көңіл айтты. Бұл туралы Президенттің баспасөз хатшысы Берік Уәли facebook парақшасында жазды. «Сатыбалды Жәлелұлы қазақ киносында өзіндік қолтаңбасы бар, суреткерлік шеберлігін ұдайы шыңдап отыратын дарынды режиссер еді. Қоғамдағы күрделі өзгерістерді, заманның жаңарған келбетін экран арқылы көрсете білді. Шығармашылық ізденістер нәтижесінде дүниеге келген әрбір туындысы сыншылар мен көрермендер тарапынан жоғары бағасын алды. Сондай-ақ әр жылдары жарық көрген кітаптарын оқырмандар жылы қабылдады. Отандық кино өнерін және рухани-мәдени саланы дамытуға мол үлес қосып, соңына жарқын із, өшпес мұра қалдырған Сатыбалды Жәлелұлының есімі мен бейнесі халқымыздың жадында сақталады. Марқұмның жаны жәннатта, иманы саламат болсын», – делінген Президенттің жеделхатында.

## ҚАЗАҚ КИНОСЫН ӘЛЕМГЕ ТАНЫТҚАН ШЕБЕР

Үлкен жүректі азамат, жарық өнер жұлдызы, Қазақ киносын әлемге танытып, еуропалық «Оскар» – Садуль атындағы Франция киноакадемиясы сыйлығын иеленген Сатыбалды ағаның иманы саламат болсын...

Бәрімізді үнемі кіршіксіз жан тазалығымен тәнті еткен абзал жанның өмірден өтуі қатты жабырқатып, жанымызды мұңға бөлейді. Оның гуманизм тұнған әдебиет пен экрандағы әрбір туындысы Адамға деген зор сенімге бағытталатын еді. Сол себептен де көрнекті өнер иесін Ұлы гуманист деуге сенімізмін мол.

Бір көңіл жұбантарлығы, Сатыбалды Жәлелұлының соңында істі әрдайым адал жүрекпен биік деңгейде тиянақты атқаратын тура өзі секілді дарынды, жасампаз шәкірттері аз емес деген үміттеміз.

Жаныңыз жәннатта болсын, аяулы Ағатайым! Қош бол, хас шебер!..

**Әлия БӨПЕЖАНОВА,**
**театр және әдебиет сыншысы**

## ҚОШ, ҚАЗАҚ КИНОСЫНЫҢ КОРИФЕЙІ!

Кешегі Шәкен аға бастаған ұлы киногерлердің көзіндей болып ортамызда жүруші едіңіз. Аяулы ағамыз, қысылғанда кеңес сұрар ақылшымыз едіңіз. Арамызда қалқайып жүргеніңізді ес көруші едік. «Қазақфильмде» «мұртымыз көкке шаншылып» кеңес құрған күндеріміз келмеске кеткені ме?! Енді кімді тәлімгер тұтамыз, ағатайым-ау?! Арманыңыз көп еді. Сансыз кедергілер қолыңыз бен жолыңызды қабат байлап, ойға алған фильмдеріңізді түсіре алмай жүргеніңізге қынжылушы едіңіз. «Кенесарыны» түсіремін деп сегіз жыл сергелдең кешкеніңіз көз алдымда. Ақыры бұл арманыңызға жетпедіңіз, жеткізбеді... Көз жасым тыйылар емес. Қош, Сатыбалды аға! Қош, қазақ киносының корифейі!

**Ерлан ТӨЛЕУТАЙ,**
**әнші.**

# АТАҚТЫ АЙТЫСКЕР АҚЫНМЕН ҚОШТАСТЫҚ



Белгілі айтыскер ақын Әселхан Қалыбекова өмірден өтті. Бұл туралы Шымкент қалалық мәдениет басқармасы мәлімдеді.

«Бүгін қазақтың аяулы қызы, ақтаңгер ақыны Әселхан Қалыбекова апамыз дүниеден озды. Барша қазақ еліне, апамыздың өнерін сүйген жандарға, ағайын-туысына қайғырып көңіл айтамыз», – делінген хабарламада.

Әселхан Қалыбекова 1950 жылы 22 сәуірде Түркістан облысы, Отырар ауданы, Шәуілдір ауылында туған. Ол белгілі халық ақыны Ергөбек Құттыбайұлының ұрпағы.

1966 жылы Көксарай елді мекеніндегі Мұхтар Әуезов атындағы орта мектебін бітірген.

1970 жылдары аудандық мәдениет бөлімінде, аудандық газет редакциясында қызмет етті.

1971-91 жылдары аралығында аудандық ауа райы мекемесінде бақылаушы қызметін атқарған.

1981-1982 жылдары суырып салма айтыс ақындарының додасына қатыса бастады.

Әселханның айтыс өнеріне қосқан үлгі-өнегесі мол. Республикамызға танымал белгілі ақындардың бәрімен кездесіп, аймақтық, республикалық, халықаралық көптеген дүбірлі айтыстарда намысты қолдан бермеген арқалы ақын.

Сонымен қатар, Әселхан Қалыбекова Қазақ КСРнің Халық ақыны (1990), Қазақстан Жазушылар одағының Жамбыл атындағы халықаралық сыйлығының тұңғыш лауреаты (1989), Отырар ауданының Құрметті азаматы.

## ХАЛҚЫНЫҢ СҮЙІКТІ ҚЫЗЫ ЕДІ

Қазақстанның халық ақыны, «Парасат» орденінің иегері Әселхан Әлішерқызы Қалыбекованың дүниеден өтуіне байланысты көңіл айтамын. Әселхан Әлішерқызы айтыс көкжиегінде шоқ жұлдыздай жанып, халқының сүйікті ақын қызына айналды. Саналы ғұмырын киелі айтыс өнеріне арнап, жұртымыздың рухани байлығын дамытуға мол үлес қосты. Соңында өшпес мұра қалдырды. Әселхан Қалыбекованың есімі халқымыздың жадында мәңгі сақталады деп сенемін. Марқұмның жаны жәннатта, иманы саламат болсын.

**Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,**
**ҚР Президенті**

## МЕЙІРІМДІ ЖҮЗІ КӨЗ АЛДЫМЫЗДА ТҰРАДЫ

Айтыс әлемінде өзіндік мәнерімен ерекшеленген от ауызды орақ тілді Халық ақыны Әселхан Қалыбекова аймақта ақындар мектебінің ашылуына мұрындық болып, сол мектептен көптеген айтыс саңлақтарын баптап шығарды.

Бүкіл саналы ғұмырында абыройды бірінші орынға қойған үлкен жүректі ақын еліне жасаған қалтқысыз қызметінің арқасында Тұлғаға айнала білді және өзінің артына өшпес, мейірімге толы ізгі бейнесін қалдырды.Әселхан Әлішерқызының өмірден өтуіне байланысты оның отбасына, ағайын-туыстары мен ұрпақтарына, облыс жұртшылығына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтамыз.

**Ө.Шөкеев, Қ.Балабиев,**
**А.Жетпісбай, Ә.Тұрғымбеков,**
**А.Сәбитов, Ұ.Тәжібаев, С.Қалқаманов,**
**Р.Аюпов, Б.Тәжібаев, Ш.Жамалбек,**
**Ж.Мәуленқұлов.**

## ЖҰМАҚТЫҢ ЕСІГІН ЖЫРМЕН АШЫҢЫЗ

Бір апта бойы интернет желісінен шалғай жерде болдым. Әлеуметтік желіге қосылғаным сол еді жайсыз хабардан жүрегім зырқ ете қалды. Қазақ өнерінің аруанасы, кемел дарын иесі Әселхан апам мәңгілік сапарға аттаныпты. Бала кезімізден апамыздың мейіріміне марқайып, ақылымен есейіп, өнерін өнеге тұтып өстік қой. Көңілі шуақты, болмысы абзал, пейілі кең, жаны таза еді.

Әселхан апам айтыс өнерінде үлкен мектеп қалыптастырып кетті. Оңтүстіктен топқа түскен ақын қыздардың барлығы Әселхан апамның шекпенінен шықты, тәрбиесін алды. Өнерде де, өмірде де адал болды, жүрегін кірлетпей өтті.

Елі мен жерін қастерлей білді, ұлтқа деген парызына берік болды.

Аяулы апамыздың алды пейіш, арты кеніш болсын!

Сағынатын боламыз, Аллаға тәубе қыламыз.

Жұмақтың есігін жырмен ашыңыз, асыл апа!

**Аманжол ӘЛТАЙ,**
**айтыс ақыны.**

Республикалық «Қазақ үні» газетінің ұжымы белгілі жазушы, көрнекті режиссер, киносценарист

**САТЫБАЛДЫ НАРЫМБЕТОВТІҢ**

қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасы мен туған-туыстарына, әріптестері мен дос-жаранына қайғыға ортақтасып көңіл айтады.

Республикалық «Қазақ үні» газеті редакциясының ұжымы халық ақыны, елге кең танымал айтыскер

**ӘСЕЛХАН ҚАЛЫБЕКОВАНЫҢ**

дүниеден өтуіне орай бала-шаға, туған-туысына орны толмас қайғыларына ортақтасып көңіл айтады.

№27 (949) 12.07.2021 jyl

ҚАЗАҚ ҮНІ
www.qazaquni.kz



# Теңізкешкен

*(Соңы. Басы №23 сандарда)*

Тарихы толық зерттелмей келе жатқан, қанша зерделенсе де қайшы пікірлерге толы кезең «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» атанған дәуір. Әз Тәукенің ұрқы Болат хан билікке келгеннен кейін ішкі-сыртқы саясат әлсіреп, 1723 жылы жоңғар ханы Сыбан Раптан (Цэван Рабдан)70 мың қолмен қазақ жеріне жеті тұстан басып кіріп, қалаларын тартып алды. Ақыры үш жүздің басы қосылып, тізе біріктірген «Аңырақай шайқасында» басқыншыларға күйрете соққа беріп, Болат ханның өлімінен соң өткен үлкен кеңесте Үш Орданың ханы болып сайлану жайындағы дәмеден біржола үміті үзілген Әбілхайыр ізіндегі Кіші жүз жасақтарымен, сол жерде ат басын кері – Батысқа бұрды. Қазаққа сіңірген ересен еңбегі мен ерлігі бірде былай, бірде олай бағаланып келе жатқан, ғұмыры қайшылыққа толы хан 1731 жылы батыр, би, рубасы, сұлтандардың келісімін алмастан, ішкі-сыртқы саясатта елдің ертеңін қамтамасыз ету үшін Ресей патшасының боданы болуға қайыл екенін білдіріп хат жолдады.

Жалпы, Қазақстанды Орта Азияға шығаратын алтын қақпа ретіндетаныған, Романовтар әулетінен шыққан орыс патшасы І Петрдың тұсында жоспары жасалған геосаяси шешім мен аяқсыз қалған реформалар оның қазасынан кейін тоқтап тұр еді. Қазақ даласымен елшілікбайланыс орнату жайындағы аяқсыз қалған арманын Анна Иоанновна жалғастырып, 1731 жылы 14 наурызда Әбілхайырдың ұсынысы Министрлер кабинетінің қарауына шығарылып, патшайымның келісімі алынды. Сөйтіп, Әбілхайыр Ресей империясы заңдарына бағынуға, олардың қазақ даласы арқылы өтетін сауда керуендерін қорғауға міндеттеліп, қазақтарды патшалық Россияға адал болуға ант қабылдату үшін Анна Кіші жүзге арнайы елшілік жіберу жайында жедел шешім қабылдады.

Бұл қилы міндет «Петр патшаның ұясынан түлеп ұшқан өте талантты балапан», мұсылмандар арасынан шыққан тұңғыш генерал-майор,іскер ұйымдастырушы, тарихшы, бірнеше шет тілдерінеқоса алты түркі тілін еркін меңгерген, қазақшасы орысшасынан асып түспесе, кем тартпайтын татар мырзасы, жеті атасының жасаған қызметі ақпатшаға жаққан, сол кездегі мемлекеттік қызметкерлер тәрізді Алексей Иванович деген қосалқы есім-сой алған Құтлы-Мұхамед Мәмешұлы Тевкелевке тапсырылды. Ол да дала қазағына қатысты көрген-білгенін мөрін бұзбай, арнайы жорналға түсіріп отыруға міндеттелді. Бұл саяси үдерістің арнасы ұлғая келе, кейін біржола басқыншылық сипат алып, бодандыққа ұласып, бір халықтың сорына айналатынын, әрине, ол кезде ешкім білген жоқ.

Қазақ ССР Ғылым академиясының тарих, археология, этнография институты мамандарының XVI–XVIII ғасырларға тиесілі мұрағат материалдарын тыңғылықты зерттеу барысында арнайы қордағы «Қырғыз-қайсақтар ісі» деп аталатын құжат негізінде дайындаған, Қазақстанның Россияға қосылуына орай орын алған сол кездегі қазақ-орыс қарым-қатынасын сипаттайтын материалдардан қазақ даласындағы құқайдың талай түрін көруге болады.

Көндей мақаламен көлдей мәселенің пердесін түріп, арам етін сылып тастау мүмкін емес, әрине. Алайда құжатталған алғашқы деректерден-ақ Кіші Орда қазақтарыҚұтлы-Мұхамедтің төбесіне қара бұлт үйіргені байқалады. Елші бұл күндердің барысын, өтіп жатқан уақиғалар тізбегін өңін өзгертпестен күнделігіне тізіп отырыпты. Міне, 1731 жылы 9 наурызда қағазға түскен мына жазбада Әбілхайыр хан ордасына жақын орналасқан елшілікке қарсы жақтан көп адаммен келген Бәби, Жантума билер екі адамын жұмсап, інісі Байғараны атып өлтірген башқұртты беруін талап еткені айтылған. Бермесе, бәрібір оны сырттан ұстап алып, бұтарлап шауып өлтіретіні, болмаса Тевкелев батырдың құнына 100 жылқы, сауыт, құл, қаршыға, түйе беру керектігі жайында, онсыз тыным таптырмайтыны, ата дәстүрі осылай деп бұйыратыны хақында айтылған («Казахско-русские отношения в XVI–XVIII веках» (сборник документов и материалов). Алматы:Академия наук КазССР, 1961. С. 69).

Бұл жерде әңгіме ауаны 1731 жылы 3 қарашаның түнінде оққа ұшқан Сырлыбай, Бәбидің туған інісі Байғара жайында болып отырғаны белгілі. Асыл сүйегі қазіргі Арал ауданына қарасты Сексеуіл кентінен шығысқа қарай 16 шақырымдай жердегі Тебіренбес қыратынажерленген батыр дүние салғанда бар жоғы 25 жаста екен (жасына қатысты мәлімет Б. Ахметбектен алынды. Ә. Кекілбаевқа айтқызсаңыз, Байғара 30 жаста шахид кешкен. А. Сергеев сол жасына дейін «үйленбеген» десе, Ә.Кекілбаев екі баласының атын атайды. Шежіре мәліметі бойынша батырдың Атабай, Жангелді, Сарт есімді 3 ұлы болған. – Б. Ж.). Ел арасындағысөздің ықтиярына ерсеңіз, «інісінің кегін қуған ағасы Теке де осы жылы дүние салыпты-мыс». Бұл жайындамұрағат құжаттары міз бақпайды. Біздің пайымымыз өзгешелеу.

Кіші Орда жұртының Әбілхайыр ханның саяси ұстанымына, елші Тевкелевтің келісіне, жалпы орыс басқыншылығына деген алғашқы және одан әрі өрши түскен қарсылығынегізінен Жақайымдардың, соның ішінде бердіңғұл Қожастың бес баласының бас көтеруімен басталды. Ж. Кеңесовтың «...Бәби, Сырлыбай, Байғара, Теке, Жамансарылар Кіші жүз ханының жасаған іс-әрекетіне бірден келісе қойған жоқ, керісінше қарсы болды» (Сартай батыр,94-б) деген пікірі осы ойымызды бекітетүседі. Батыстағы Байұлы жұртына қарағанда Ресейден біршама шалғайда жатқан, оның үстіне жат қолына егемендігін олжалата қоймаған Кіші Орда қазақтары алғашқы уақытта орысқа мұрын шүйіріп, онша менсіне қоймағаны белгілі.

Алғаш рет 1832 жылы Петербургте жарық көрген көрнекті ғалым А. И. Левшинның «Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких орд и степей» аты еңбегінің «О главнейших путях, проходящих через степи киргиз-казачьи» деп аталатын бөлімін шолып отырып,Ресейдің Орта Азияға бағытталған жоспарлы сауда жолдарын қамтамасыз еткен Сарайшық, Орынбор, Ор, Тройцкі, Петропавл, Жетіарал, Ямышевск, Бұқтырмадан шығып Бұқара, Хиуа, Ташкенге қатынайтын үш тармақ көне Ноғай жолының күретамырын күзетіп отырғанКіші Орда қазақтары қолындағы саяси тізгін қаншалықты мықты болғанын бағамдай аламыз (Алматы: Санат, 1996. С. 97–105). Әрине, осыдан кейін олардың орысқа танау шүйіруін түсінуге болады.

Байғараға айттырылған Шолпан қыздың кесірінен Нұралы сұлтанмен екеуара туындаған кикілжіңнің ақыры батырдың қазасымен күрмеліп, оныңақыры мемлекеттік мәселеге ұласып кетеді. Керісінше, қазақ даласында өткізген үш жарым жыл қызметінен кейін Тевкелев ноғай Кильмяк Нұрышев көтерілісін қанға бөктіріп, Балықшы болысы Сеянтус ауылының әйел, баласы аралас 1000 тұрғынын қырып салады. Соның ішінде 105 адамды тірілей өртеп жіберуін қандай қисынға сыйғызуға болады? Бұл жан түршігерлік уақиға жайында И. В. Ерофееваның «Служебные и исследовательские материалы российского дипломата А. И. Тевкелева по истории и этнографии Казахской степи (1731–1758 гг)» деген мақаласында айтылады (История Казахстана в русских источниках XVI–XX веков. Т. III. Журналы и служебные записки дипломата А. И. Тевкелева по истории и этнографии Казахстана (1731–1759 гг.). Алматы: «Дайк-Пресс», 2005. С. 25).



Қанды оқиғаны музыка тілінде баяндайтын, кезінде этнограф С. Г. Рыбаков жазып алып, «Мызыка и песни уральских мусульман с очерком их быта» деген жинақта жариялаған башқұрттың «Тәфтиләу» («Тевкелев») деген халық әні бар. Құрайшы Роберт Юлдашев, Расул Қарабулатовтар орындайтын осы аттас халық әуені де аталмыш жайтқа арналған. Төбе құйқаңды шымырлататын бұл азалы әуенді бей-жай отырып тыңдау мүмкін емес.

Міне, осындай қандықол қасапшыны қазақ жерінде жүргенде зар жылатып, қыспаққа алған кілең атан жілік Қожас ұрпағының мықтылығы ма, әлдеоған басқа да саяси себептер болды ма? Әрине, Қазақстанның геосаяси маңызы һәм өзіндік ішкі есептері болғандықтан, орыстар Кіші Орда қазағымен, Тевкелев «злодей» атандырған Сырлыбай сияқты азулы билермен санасуға мүдделі еді. Ал мәймөңкелесіп жатудыонша қажет деп таппаған башқұрттарды бас көтергені үшін мыңдап бауыздай салды. Міне, патшалық Ресейдің ұстанған басты саясаты!

Осы кезеңнің қаны сорғалаған шындығын Қазақстанның Россияға қосылуының 250 жылдығына орай жазылған Ә.Кекілбаевтың «Үркер» тарихи романындағы оқиғалардан көруге болады. Шығарманың негізгі кейіпкерлері тағы да сол, Кіші Орданың азуы алты қарыс би, батырлары – Сырлыбай, Бәби, Байғара. Романда Сырлыбай тұтқынында жатқан Таймас Шайымовтың көрген күнін «Сырлыбай – Тевкелев» арасында жүргенжансыз Нияздың аузымен суреттейтін эпизодтан көркем шығарма болса да діні қатал бидің болмысытепсініп тұрады: «...Бейшара Таймастың кеудесінде жаны бар демесең, әйтеуір, енді санатқа қосыла қоймас... Күніне бес-алты рет барып бақыртып сабайды... Итаяққа құйып ас апарады... «Бұл да дінін сатқан арсыз. Көзі көк, шашы жирен, көрмейсіңдер ме? Жирен кісінің қылшығы тіл-көзден бірден-бір ем. Мынаның тұла бойынан түк қоймай бәрін жұлып алыңдар!» деп уыстап шашын жұлады... «Бұл итің сүндеттелді дейсің бе? Сүндеттелмесе, бұның сіңірін затың ұрланғанда отқа тастасаң, ұрлықшының сол бойда бар сіңірі тартылып, тобан аяқ болып қалады» деп киімін шешіп көрсе, пақыр молданың алдын көрген екен. Жаны бір жолға қалыпты» (Алматы: Жазушы, 1981. 373-б.).

Оқып отырып, Сырекеңнің қас дұшпанын қорлау тәсілінен денең түршігеді. Жазушының шеберлігі ғой, бір жағынан арсыз күлкі қысады. Әбіштей суреткерге зор бедел алып берген аталмыш туындының жалғасы – екінші кітабы «Елең-алаңда» (Алматы: Жазушы, 1984) да осы тақырыпты үңгіп, Кіші Орда тарихын әбден індете түседі. Мұның да орталық кейіпкері солар, «сараң сөйлеп, сұйық күліп» отырып талтүсте Батыстағы аюға қарсы шапқан Қожастың бес бөрісі.

Қазақстан мен Ресейдің қарым-қатынасына арналған шығарманың және бірі – орыс жазушысы Александр Сергеевтің «Петербургский посол» тарихи романы елші Тевкелевтің қазақ даласында өткізген күндерін, Кіші Орда жұртының саяси ахуалын көркем бейнеге айналдырған. Мұнда да Байғара (романда Байқор. – Б. Ж.) батыр мен Нұралы сұлтан қыз-бозбала жиынында қолдарына домбыра алып айтысып отырып, сөз

# Төлеген

қақтығысының ақыры шатаққа, ол күреске ұласқанда,«Байкор был вдовe, а может быть, и втрое сильнее ханского сына... перебросил его через себя, как пушинку» (Алматы: Санат, 1998. С. 134) дейтін эпизод бар. А. Сергеевбатырды «бүкір Байғара» деп кемсіте суреттей отырып, өз ұртының билігіндегі сөзін қайта жөндейді: «Вообще то Байкор горбатым вовсе не был, просто так его прозвали, потому что ходил он, сбычив толстую, как у волка, шею и горбился. При невероятной своей силе Байкор отличался звериной ловкостью характера» (Петербургский посол. С. 131).

Байғара батырды қанша жерден жағымсыз бейне ретінде көрсеткісі келсе де, қаламгер оның палуандығын амалсыз мойындайды. Романдағы осы эпизод жеңгелері мен келіндері тарапынан Төлеген қарияға қаратып айтылған «жуан мойын» теңеуінің шығу тегін түсінуге мүмкіндік жасайды. «Халық айтса қалып айтпайды» деген сөздің дәлелі осындай-ақ болар. Жоқтың түбі жоқ, бар нәрсе ешқашан жоғалып кетпейді екен ғой.Міне, Қожас балаларының орыс жылнамаларындағы бедері мен көркем әдебиеттегі болмысбейнесі осындай.

* * *

Теңізкешкен Төлеген әулетінің қилы тағдыры жайындағы толғау күрмеу тұсына келгенде қаламгер Қази Соңғыбайұлының «Асыл тек» деген деректі кітабын парақтадым. Шығарма аңдатпасында «Таяу жылдары ғана дүниеден көшкен Төлеген Құлекенов ақылы, адамгершілік қасиеті, адалдығының арқасында елге сыйлы болған жан еді. Кешегі от-жалынға оранған зар заманда да осындай ізгіліктерімен ел есінде қалды, кейінгі ұрпаққа өнеге боларлықтай із қалдырды» деп, «Туған жердің түтіні» бөлімінде оның әкесі Құлекеннің жалынды жастық шағына тап келген оқиғаны баяндапты: «Құлекен ат жалын тартып мінген заманда бір жағынан Хиуа мен Қоқан хандығына алаңдап, екінші жағынан орыс патшалығының қыспағына түсіп, қияметтің қыл көпірін басып жүрген еді. Алғашында Арқа, соңынан Алатау баурайында Кенесары қолы көтерілді. Сырда Жанқожа төтенше келген дұшпанға найза сілтеп қарсы шықты. Байғара – Теке руының бас көтерер азаматтары қолдарына көк найза ұстап, Жанқожаның жасағына барып қосылды. Ел ішінде үркіншілік бар еді, ілгері-кейінді көшкіншілік көбейді...» (Соңғыбайұлы Қ. Асыл тек. Алматы, 2007. 38–39-бб.).

О, жазған, байырғы бабалары көрген құқай аз болғандай, енді Текенің алтыншы буыны – Құлекеннің де бейнетжазылған тағдырына азаттықтың ақ туын көтерген қаһарман Жанқожаның қосын жегу бұйырған екен-ау. Елдің есте сақтағандарына айтқызсаңыз,бұл да жалғыз жүретін барымташы, мінезі шытыр, бүгін ашуланып қиратып тастаған мүлкін ертең өзі көктеп отыратын адам екен. Кейін әлгі әдетін қойып, Қарақақалпақстанға тұз апарып сатуды кәсіп етіпті. Осылайша әрекет қылып, тапқан-таянғанын бала-шағасына берекет қылып жүргенде бақастары дариянның жағасында, Қазалының Иланды деген жерінде улап өлтіріпті. Кемпірі Байжан аталығынан шыққан көзі қарақты Ақша Құрманиязқызы жасы 100-ге таяп, қашан ажалы жетіп өлгенше, «Төлеген жас болып әкесінің кегін ала алмады...» деп азарланумен кетіпті, жарықтық. Құлекеннің сүйегі баби Тілеулес ишан мешітінің жанына жерленіпті. Кейін дария суының тасқыны бейітті құлатып кетіпті. Әкесінің мазары жоқ болса да,Төкең мешіттің жанынан Құран оқып, «Әуелде асыл сүйегі қойылған жер еді ғой» деп бетін сипап өтеді екен.

Иә, Төкең өмір сүрген кезең ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен кек қайтарып, қан орнына шеңгелдеп қан ұрттайтын заман емес еді. Кеңес өкіметі орнап, арғашабатын қайқы қылыш керегенің басына біржола ілінген, заңға иілген кез болатын. Десе де, кісі қолынан мерт болған аққөйлек жары ойына түскенде «түгелдей бір елді аузына қаратқан, адуын да, қайратты» (Асыл тек, 72-б.)Ақша кемпірдің қиялын тап сол кезде қандай кек кеміріп, не түртіп тұратынын кім білсін? Енді оны сіз де, біз де, ешкім ешқашан да біле алмайды.

Міне, қарап отырсаңыз екі ғасыр бойы кермесінен жарау ат кетпеген, бел шешіп, арқайым отырып, терлік кептіріп көрмеген бір әулеттің бірегейлерінің тарихы Төлеген қарияға тірелгенде ғана атыс-шабыстан сәл де болса тізгін тартыпты, әйтеуір.

Романовтардың ақтығы І Петр патшаның әуелде Арал теңізі, Әмудария арқылы Хиуа мен Бұқараға, одан әрі Индияға кеме жүргізуді көздеген геосаяси мақсаты ақыры іске асып, Арал жағалауға жақын тұрған қала ретінде таңдалып, кемелер ұзақ аялдап, зат тиеу мен түсіруге, жүк тасымалына ыңғайлы жерлерден порт салына бастайды. Төлеген қария әуелгі жылдары портта қайықшы, от жағушы, моряк, «Шмит»кемесінде капитан Нестеренкоға көмекші, кейін осы кемеге, зейнетке шығар алдында черпалкада, «РВТ»-да капитан болыпты. Қаламгер Қазекеңнің сөзімен айтқанда «...Төлегенге керегі енді тарих емес, жұмыс керек... дүниеге келетін балаларын қалай асыраудың жайы» (Асыл тек, 54-б.).Ол кезде берекенің бәрі балықта еді, «...тіпті, трест жұмысшыларына қажет деген нан мен сүт, киім, байпақ, қолғап, сырмақ, шалбарға дейін Мәскеуден тізіммен келіп тұрады» (Асыл тек, 55-б.).Содан соң ол да орыстарға қосылып, Ақшатаудан балық аулауға кіріскен. Өйтпегенде ше, өкімет дайын асқа тік қасық қоғам мүшелерін өсіріп жатса.

Рас-ау, кезінде аттың белі, атанның қомында жүргенде орыстан ақырып теңдік сұраған бұл әулеттің міндеті елі-жұртын басқару еді, ал заман өзгергеннен кейін Төкеңдерге қалған шаруаның үлкені орыстың ығында жүріп бас бағу болып қалды. Қария мұның бәрін жан-ділімен сезінетін, бірақ амалы қанша? Содан соң Байғара мен Текенің әкелері Қожастан «Ұрлығың мен торлығың үстем болсын!» деп бата сұрайтын уақиғасы есіне түсетін. Сонда Қожас бабасының «Ойпырмай, олай деп айтуға ернім жуысар емес, одан да «Кісінің кеткені қолыңа түссе қайтып шықпасын!» деп бергенуәлі батасы ойына оралғанда, оңашада өзінен-өзі күбірлеп, «Әумин!» дей береді екен. Расында да, кісінің кеткені қолыңа түсіп, қайтып шықпаса, одан артық не керек? Ол да Алланың бергені!

Батырлық рух еш уақытта жойылып кетпейді, бірақ ақырындап шөжіп, құбылып, кейін трансформацияға қайта түсуі мүмкін. Балтық теңізінің Данияға қарайтын оңтүстікбатыс бөлігіндегі байырғы герман тайпалары – бургундар тұратын, ерте ортағасырда викингтер мекендеген «Борнхольм» деген арал, осы аттас шығарма бар. Сол туындыдағы теңізкешкендер тағдырына қатысты «Адам жанының бар өжеттігін сезінгің келсе рақат өлімнен сені жұқа тақтай ғана бөліп тұратын ашық теңізде болып көр» деген ғажап сөзді менің Әбдіжәміл нағашым ашық айдын бетіндегі бейбіт күннің батырлары – Арал балықшылары өмірінің кісі төзгісіз тауқыметін суреттейтін «Сең» романының рухын айқындау үшін эпиграф етіп алып еді. Сол асыл рухтың иесі, менің кейіпкерім Төлеген қарияның желең кезінде басынан өткен мына бір уақиға тіл ұшына орала берді.

Заманы көтермесе де, Төкең байырғы бабалары сияқты көкпар тартып, палуанға түсу әдетін көпке дейін қоя алмапты. Сыртқа тепсініп тұратын осы бұла күш шығар, әйтпесе қанша жерден техниканың оқуын түгесіп келсе де, кемеде жұмыс жасайтын орыстар баржның үзілген тросының өзегі болаттан болса да жымын білдірмей, қыл арқан ескендей шиырып, күрмеуін келтіріп,бірбіріне кіріктіріп жіберетін Төлегеннің қол қаруына тамсанып, риза болып тұрады екен. Палуанның күректей қолы бір тигеннен кейін енді ол сым арқанда үзік болмайды деседі.



Атақ, даңқы сонау Үргенішке дейі кеткен аманөткелдіктатыран Тәжі палуан жайында, «аруағы басым» деп көп адам онымен белдесуге дәті бармайды дегенді көп еститін. Сол аты аңызға айналған ересен күш иесін Төкең жігіт шағында көріпті. Көргені сол, бір жиында шижүгіртпе сөзге еріп, албырттықпен «Ұлы дүбірдің арасынан шешініп шыға келген жігітке бұрыл шашты кісінің айтқан жалғыз ауыз сөзі «Бала, сен мені танисың ба?» болыпты.

– Білмеуші едім.

– Мен Тәжі палуанмын ғой.

– Ойбай, аға, мың мәрте тағзым – деп, ағасының қолын алған екен. Тәжі баласындай болып, іші-бауырына кірген жігітке батасын беріпті». Өмірдің ащысы мен тұщысын қатар татқан, заманы өтіп бара жатқан қарт палуанның сондағы айтқаны «Ақымақ күшті ақылды бала бұйдасына ұстап жетектейді» (Асыл тек, 28-б.) деген сыңар ауыз сөз болса керек.

Иә, Қази Данабаевтың ел арасынан естіген уәзипаларды елеп, екшеп, біздің заманауи оқырманға жеткізуі осылай. Кім білген, мүмкін дәл солай болған шығар? Болмаса, біздің халық «Жел тұрмаса, қамыс басы қимылдамайды...» дегенді айтпаған болар еді ғой. Міне, ата көріп, оқ жонған адамның тәрбиесі осы. Тұтқасы болып, қара жерді бір айналдырып, қайтадан орнына қоя алатын күшін сезінсе де ізет пен құрметке толы ерекше қазақы ілтипаттан аттап өте алмайды. Балықшылықты кәсіп етіп жүрген бала Төлегеннің атағы даңқы Тәжі палуанды өмірінде алғаш һәм соңғы мәрте көруі осы екен, кейін қанша іздегенмен таба алмапты, көз жазып қалыпты.



Төлеген қария Кеңес одағықамшы иіріп тұрған кезде қос әйел алған және екеуін де тең ұстаған. Алғашқы алғаны Әлима Жарболқызының арғы аталары Бәбиден тарайтын шынжыр балақ, шұбартөстер. Ол жайында Қ. Данабаевты сөйлетсеңіз «...білетіндердің айтуына қарағанда, Жарбол деген әулие кісінің қызы екен, Кеңес өкіметі кезінде қудалау көріп, төркінінен жұрдай болыпты» дейді. Рас сөз, қызыл өкімет билік құрған тұста дін иелері, ескіше оқығандар жұрағатының құдаланбағаны жоқ. Әлима шешей де тағдырмойын бұрып, тас емшегі бір иімей қойған сондай мұңлық екен.Кейінгі алған аққолтығы Құндызхан Қабылбекқызы – қолынан іс келетін, айналасына сөзі жүретін жан болыпты. Сөйтіп, біреуден ілгері, біреуден кейін дегендей,Төлеген мен Құндызхан ел қатарлы тіршілігін күйттеп, Алладан рақат көрсетуін тілеп отырғанда, дүние бір-ақ күнде шыр айналыпты. Ақынның тілімен айтқанда «Ай, күнім қайда?» деме аспаныңда, / «Байлығым қайда?» деме бас жағыңда, / «Қайғы, мұң қайда?» деме қас қағымда» деген сол екен.

«Сексеннің сеңгіріне іліктім бе, жоқ па?» деп ілләлап отырғанда мұндай болады деп кім ойлаған? Адам баласы жеткізе алмайтын қасіреті қалың, жаны жаралы, басы қаралы күндердің уақиғасын тағы да сол Қази ағамызға айтқызайық: «...Өмірдің талай қыспағынан өткен Төкең қажырлы-ақ жан еді, бірақ сол жолы мұқады... Балапаны құзға құлаған кәрі бүркіт секілді былқ-сылқ еткен ұлын бауырына басып жылайды... Сөйтіп, өмірден Жеткерген өтті. Жарық дүниеге келген баладан асқан тәтті не бар дейсің, Төлеген қария әрқайсысын Құдайдан сұрап алғандай болып еді. Еңсесін жазып үлгерместен Өтепәлі кеткен о дүниелік болып...» (Асыл тек, 147-б.).

Қайғы-қасіреттің кермегін жұта-жұта, іштей егіліп, қабырғасы сөгіліп 1981 жылы 4 маусымда 81-ге қарағанда Төкең де өтті жарық жалғанның жүзінен. Сол жылы желтоқсанда, 59 жасында Құндызхан шешейдің де беті жабылды. Көп ұзамай қайран қарашаңырақтың есігіне қасқайып қара құлып ілінді.Ізіне кішкентайАқмарқасын ертіп алып, Жәкең артына қарапбір терең күрсінді де, Арал перронынан пойызға мініп, Қызылордаға келді.

«Сауап үшін!» деп бәкісін қайысқа жанып жіберіп, үлкенкішінің шашын алып беретін, «Біреудің шырпысын алушы болмаңдар!» деп шырылдайтын кешегі өткен қасқа мен жайсаңның жұрағатының да мәңгілікке бет түзегеніне биыл 40 жыл болыпты. Алла алдынан жарылқағай!

Иә, ет пен сүйектен жаралған пенде болған соң жер бетінде армансыз ешкім жоқ. Сен де арманда, мен де арманда, олардың да арманы көп. Бірақ мына тынымсыз өмір өз арнасына түсіп алып, бұйығырақпен жалғасып келе жатыр. Табанының астындағымына жұдырықтай жұмыр жер жылыстап кетпейінше,осылай,өмір мәңгі жалғаса береді. Тіршіліктің жазылмаған, адам баласының танып, түстеуіне арналмаған тылсымның бірі осы. Теңізкешкен Төлеген әуелде ырым етіп, тізгінұстар ұлдың есімін Жалғасқан қойғаны да сол.

**Берік ЖҮСІПОВ,**
**фольклортанушы**

**«Сазген сазы» фольклорлық-этнографиялық ансамблі танымал британдық әнші Фредди Меркьюридің даусымен коллаборация шығарды. Бұл өз кезегінде өнерсүйер қауымды таңдандырғаны сөзсіз. Жоба футболдан 2020 жылғы Европа чемпионаты финалына Англия құрамасын қолдау мақсатында жасалған.**



# «САЗГЕН САЗЫНЫҢ» ТЫҢ ТУЫНДЫСЫ

ҚР еңбек сіңірген қайраткері, «Құрмет» орденінің кавалері, «Сазген сазы» ансамблінің көркемдік жетекшісі Бағдат Тілегенов ән мен бейнеклиптің қалай әзірленгеніне толығырақ тоқталып өтті.

«Дәуіт Шайхисламов маған Фредди Меркьюридің акапелалық дауысы бар екенін айтып, осы жобаны қолға алуды ұсынды. Осы дауысқа қазақтың ұлттық аспаптарымен аранжировка жасау қажеттігін айтты. Жоспарлаған істі жасап көрдік, қазақтың халық аспаптары: қобыз, жетіген, домбыра, шертер, сыбызғы, сазсырнай, прима-қобыз және басқа да аспаптарды қолдандық», – дейді Б.Тілегенов.

Әнді жасау үшін бір ай уақыт жұмсалған. Оған ансамбльдің 20 мүшесі қатысты.

Аранжировка жұмыстарын Марат Жалбыров жасап, партитуралар жазып, әрбір аспапқа нота дайындаған. Студияда ансамбль мүшелерінің құлаққабында Фредди Меркьюридің таза дауысы естіліп тұрды. Осылайша, барлығы британдық әншінің дауысын тыңдай отырып өз партиясын ойнаған.

«Әр аспап үшін музыкалық партиялар жазудың қажеттілігі туындады. Бұл үшін әлбетте көп уақыт керек.

Басында кереметтей дүниенің шығатынына күмәнмен қарағанымыз да рас. Бірақ жобаны қолға алысымен, сәтті шығатынына сендік.

Әрбір репетиция барысында музыканттар әнге зор ықыласпен кірісті. Радиоқұлаққаптарды қолдану арқылы партиялар жазылды. Дыбыс авторы – еліміздегі ең мықты студиялық дыбыс инженерлерінің бірі Сергей Лобанов», – деп тілге тиек етті Бағдат Тілегенов.

Ансамбль Европа чемпионатының финалы қарсаңында Англия құрамасына тосынсый, музыкалық сыйлық жасағысы келді. Сондықтан клипте өткен жылдардағы құраманың жеңісті ойындарынан үзінділер қосылған.

«We are the champions» әнін 1985 жылы Уэмбли стадионында «Queen» тобы орындаған-ды. Видеода Қазақстанның таңғажайып табиғаты, Көлсай көлдері, Бурабай бейнеленген. Мұнда «Kazakh Tourism» ұлттық компаниясымен ынтымақтастықты атап өту ләзім. Кереметтей туынды арқылы бірегей табиғатымызды танытып, ішкі туризмді дамытуға үлесімізді қосқымыз келеді. Шетелдіктер осы туындыны көру арқылы табиғатымызды тамашалағанын қалаймыз, сондықтан туристерді таңғажайып және әдемі елімізге шақырғымыз келеді», – дейді идея авторы, танымал продюсер Дәуіт Шайхисламов.

Дәуіт Шайхисламовтың айтуынша, «Сазген сазы» ансамблімен бірлескен жұмыс мұнымен аяқталмайды. Джон Леннон, Фреэнк Синатра, Селин Дионның дауысымен осындай жобалар жасау жоспарланып отыр.

Айта кетейік, жоба режиссері – Дәуіт Шайхисламов, продюсерлер – Мәлік Хасенов, Дана Орманбаева, Санат Шапашов. Монтаж – Антон Касьяненко, операторлар – Данияр Жангөбеков, Мақсат Әбдікәрімов, Ілияс Шуашпаев. Қазақ елін әлемге танытқан коллаборация «Kazakh Tourism» ұлттық компаниясының қолдауымен жасалғандығын атап өткеніміз жөн.

*qazaquni.kz*

**Қазақ аспаптық этно-рок тобы Уфа амфитеатрының сахнасында «Фольклориада жүрегінде» өнер көрсетті. Уфалықтарға бұрыннан таныс Ulytau тобы Қазақстаннан жалынды сәлем жеткізді.**

Топтың репертуарында заманауи үлгіде дыбысталған әлемдік классика да үлкен орын алады. Ұжымдағы жалғыз қыз — скрипкашы Әсел Исаеваның орындауындағы Бах пен Вивальдидің өлмес туындылары жаңа тынысқа ие болды.

Карантинге байланысты, Ресеймен



# «ULYTAU» ӘЛЕМДІ ТАМСАНДЫРДЫ



бұрынғыдай тығыз қарым-қатынас болмаса да біздің талантты жастар уақытын құр өлтірген жоқ. Осы аралықта бірнеше жаңа күй жазды, студиялық қызметпен айналысты, сабақ берді, Әсел магистратураны бітірді. Сонымен қатар, Ulytau тобы онлайн байқауларға қатысып үлгерді.

«Наурызда біз Лос-Анджелестегі фестивальде бас жүлдені алдық, ол онлайн режимінде өтті. Оған 80-нен астам елден өкілдер қатысты. Байқау бірнеше кезеңнен тұрды — іріктеу, содан кейін континенталық. Осы кезеңдердің бәрінен өтіп, біз жеңіске жеттік. Карантин кезінде бұл біз үшін маңызды оқиға болды. Бұл бізді жігерлендіріп, алдағы жұмыстарымызға күш берді», — деді Әсел Исаева.

Айта кетейік, осы күндері Башқұртстандағы Фольклориада концерттерінде Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының ән-би ансамблі де өнер көрсетеді.

*qazaquni.kz*


**ҚАЗАҚТЫҢ МҰҢЫ МЕН ШЫНДЫҚТЫҢ ЖЫРЫ – «ҚАЗАҚ ҮНІ» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗДАР!**

ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ – 65380

*«Қазпошта» арқылы жазылу бағасы:*

| | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 ай | қала | 429,24 | 3 ай | қала | 1287,72 | 6 ай | қала | 2575,44 | 12 ай | қала | 5150,88 |
| 1 ай | ауыл/аудан | 447,86 | 3 ай | ауыл/аудан | 1343,58 | 6 ай | ауыл/аудан | 2687,16 | 12 ай | ауыл/аудан | 5374,32 |



**Меншік иесі:**
**«Қазақ үні» ЖШС**
**ҚАЗАҚ ҮНІ**
**Президент –**
**Қаныш ЖАРЫЛҚАСЫН**

**Бас редактор –**
**Құлтөлеу МҰҚАШ**

**Бас редактордың бірінші орынбасары –**
**Зейнолла АБАЖАН**

**Qazaquni.kz ақпарат агенттігінің**
**Бас редакторы –**
**Азамат ТАСҚАРАУЛЫ**

**Жауапты хатшы -**
**Гүлмира САДЫҚ**

**БӨЛІМ РЕДАКТОРЛАРЫ:**
**Дастан ЕЛДЕС (орыс редакциясы)**

Нұржан АСАН (көркемдеуші)

**АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:**
**Нұр-Сұлтан тілшілер қосыны:**
Азамат ТАСҚАРАУЛЫ
(8-702-931-89-86)

**Ақмола облысы:**
Бақыт СМАҒҰЛ (8-701-626-77-66)

**Арқалық қаласы:**
Нұрсұлтан НҰРМАН
(8-702-688-84-87)

**Алматы облысы:**
Мәди ИСЛАМ (8-775-119-12-13)

**Жезқазған қаласы:**
Жанат АСАНҚАЛИ
(8-702-384-12-00, 8-707-261-20-98)

**Қарағанды облысы:**
Ахметқали ХАЛЕНОВ (8-701-450-30-18)

**Қостанай облысы:**
Төлен РАМАЗАНҰЛЫ (8-701-174-06-70)

**Семей қаласы:**
Рахат АЛТАЙ
(8-775-998-15-39)

**Түркістан облысы:**
Әбдіғаппар АЙДАР
(8-702-475-75-66, 8-771-390-73-75)
Асылхан ӘЛІ (8-701-626-88-32)

**Түркістан қаласы:**
Әтіргүл ТӘШІМ (8-702-489-47-23)

**Тарату бөлімі:**

**Нұр-Сұлтанда:**
Жасұлан ИСА
(8-776-120-19-72)

**Шымкентте:**
Мұтән ИСМАЙЫЛ
(8-701-692-1340),

**Астанада «Алты Алаш»**
дүңгіршіктерінде сатылады
(8-701-572-88-47)

**Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде 19. 12. 2012 жылы тіркелген. Куәлік №13976-Г (Алғашқы куәлік №1270-Г, 01. 08. 2000 жыл).**

Автордың пікірі мен редакция көзқарасы сәйкес келе бермейтінін ескертеміз. Қолжазбалар өңделеді және қайтарылмайды.
Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді.
Газеттен көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы шарт.
Газетте «Қазақпараттың» материалдары пайдаланылды.

Газет «Қазақ үні» компьютер орталығында беттелді

**АЙЛЫҚ ТАРАЛЫМЫ – 60 400**

**ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ – 65380**

**Редакцияның мекен-жайы:**
050006, Алматы қаласы, Қалқаман-3 ықшамауданы, С. Сейітов көшесі, 11 үй

**Байланыс телефоны:**
8 (727) 398-57-31

**E-mail: qazaquni2000@gmail. com**
**www. qazaquni. kz**

**Кезекші редактор –**
**Гүлмира САДЫҚ**

ТОО «Қазақ үні»
БИН 000540006784
ИИК KZ508560000000385541
АГФ АО «БанкЦентрКредит»
г. Алматы, БИК KCJBKZKX, Кбе 17
Газет «Алматы-Болашақ» баспаханасында басылды. Алматы қ. , С. Мұқанов к. , 223 б.
Көлемі: 6 баспа табақ

(A) – материалдың жариялану ақысы төленген